




ҚҰҚЫҚТЫҚ реттеу механизмі

Байжанова К.Т., Бирманова А.И., Шакирова А.Б.

Байжанова К.Т., Бирманова А.И., Шакирова А.Б.

Құқықтық реттеу механизмі



Алматы, 2019

А л ғ ы с ө з

Құқықтық реттеу механизміне арналған оқу құралы ең алдымен, заңдық білім баспалдағында тұрған жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналады. Сіздер құқық туралы теориялық біліммен заңдық оқу орнында бірнеше жыл сусындайсыздар да, кейін оны өздеріңіздің кәсіби әрекеттеріңізде өмір бойы қолданасыздар. Оқу құралында құқықтық реттеу туралы барынша кең таралған, алғашқы мәліметтер беріледі. Автор құқықты реттеу механизмін құқық субъектілерінің мүдделерін қанағаттандыру жолында тұрған кедергілерді жою мақсатында кезектілікпен ұйымдастырылған заңдық құралдар жүйесі ретінде қарастыруға ниеттенген.

Құқықтық реттеу механизміне арналған оқу құралында құқықтық реттеу түсінігі, пәні мен аймағы, құқықтық реттеу әдістері мен типтері, сатылары, құқықтық реттеу механизмінің негізгі және қосымша элементтері, оның тиімділігі мәселелері қарастырылады.

Оқу құралымен танысып, зерделеу барысында пайда болуы мүмкін пікір, тілектеріңізді ҚарМУдың мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасына жолдауларыңызға болады.

Құқықтың негізгі мән-мақсаты барынша маңызды қоғамдық қатынастарды нақты және толық реттеуде көрініс табады. Ол үшін құқықтық ықпал ету құралдарының сан алуан түрлері қолданылады. Құқықтық құралдар қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін өздерінің жүйе құраушы өзара әрекеттестігі кезінде біртұтас, үйлесімді механизмді қалыптастырады. Оның жұмысын анықтау үшін «құқықтық реттеу механизмі» ұғымы қолданылады. Құқықтық реттеу механизмі бірлікте алынған, қоғамдық қатынастарға нәтижелі құқықтық әсер ету қамтамасыз етілетін заңдық құралдар жүйесі ретінде танылады.

Құқықтың теориялық ұстанымдардан тәжірибелік әрекеттерге ауысу жолдарын көрсететін «Құқықтық реттеу механизмі» пәні Мемлекет және құқық теориясының ізбасары. Мемлекет және құқық теориясы – жалпы заңдық ғылым, ол мемлекеттік-құқықтық шындықтың ең маңызды теориялық-әдістемелік бағыттарын біріктіреді. Оның негізгі категориялары мен түсініктемелері, салалық құқықтық ғылымдардың тәжірибесіне талдау жасап, сайып келгенде заңгердің табысты тәжірибелік жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан, жоғары оқу орындарында заңтануды игеру мемлекет және құқық теориясын зерттеуден басталады. Дегенмен, қазіргі кезеңде бөлінетін сағат сандарының аздығына байланысты көптеген түбегейлі түсініктер толық танылып, бағаланбай қалып жатады. Құқықтық реттеу механизміне арналған оқу құралы осындай олқылықтардың орнын толтыруға арналған.

«Құқықтық реттеу механизмі» пәні бойынша дайындалған оқу құралының мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес дайындалған оқу бағдарламасына сүйенеді. «Құқықтық реттеу механизмі» пәні бойынша оқу бағдарламасы осы пәнді толық түрде игеруге

қажетті тақырыптарды айқындап, олардың мазмұнын және ашылуға тиісті келелі мәселелерін көрсетеді.

Соңғы жылдары құқық теориясы бойынша мемлекеттік тілде бірқатар оқулықтар, дәріс курстары, оқу және әдістемелік құралдар жарық көрді. Студенттерде өз білімдерін жинақтау және тереңдету үшін әралуан ақпараттарды салыстыру, таңдау және қолдану мүмкіншіліктері пайда болды. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін құқықтық реттеу механизміне арналған арнаулы оқу құралдары жоқ. Оның кейбір тақырыптары мемлекет және құқық теориясы оқулықтарында қарастырылғанымен, жеке оқу құралын басып шығаруға сұраныс бар.

Ұсынылып отырған оқу құралының ерекшеліктеріне тоқталсақ, біріншіден, зерттеліп отырған пәнді толық көлемде қарастырады. Екіншіден, материалды ұсыну қысқа, оқу ақпараттары нақты сұраққа нақты жауап түрінде көрінеді. Осы жауаптар курс бойынша барлық білімдер жүйесін бейнелейтіндей белгілі бір тәртіппен алынған. Оқу құралы студентке оқу материалдарын есте сақтауға және жедел қайталауға көмектеседі.

«Құқықтық реттеу механизмі» оқу құралының басты мақсаты – студенттерге құқықтың дамуы мен қызмет етуінің басты заңдылықтары туралы ғылыми және практикалық ілімдерді жеткізіп түсіндіру, оларды бағалай білуге үйрету және де болашақта заңгер-құқықтанушы ретінде өзінің міндеттерін кәсіби түрде орындау әрекетінің қозғаушы күшіне айналдыру қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Құқықтық реттеу механизмі бойынша дайындалған оқу құралы жалпы теориялық әдебиеттердің барлығының орнын толтыра алмағанымен, жалпы теориялық мәселелермен танысуда жол көрсетушінің ролін атқаруға, студенттерді әрбір тақырып бойынша мейлінше маңызды теориялық ережелермен, заң ғылымының ерекше тілімен, арнайы заң түсініктерімен таныстыруға бағытталған. Сонымен бірге, реттеу құралдарының әрекетін нақты тәжірибелік мысалдар келтіре отырып түсіндіре алған. Бұл құралды қалған материалдарды меңгеру үшін ақпараттық-әдістемелік негізді құрайтын негізгі заң түсініктері мен санаттарының кеңейтілген сөздігі деп те атауға болады.

Кредиттік технология талаптарына сәйкес «Құқықтық реттеу механизмі» таңдау пәні болғандығына қарамастан, оны «заңтану», «халықаралық құқық» мамандықтарында білім алатын студенттер контингентінің оқып-зерттеуі аса қажетті деп санаймыз. Онда берілген материалдарды толығырақ түйсіну, өңдеу үшін қажетті көлемде бақылау сұрақтары берілген. Пәнді игеру тиімділігін көтеру мақсатында оны оқып-менгеруге қажетті әдебиеттер тізімі қарастырылған.

«Құқықтық реттеу механизмі» пәні бойынша дайындалған оқу құралы заңтану, халықаралық құқық мамандықтары бойынша білім алатын ЖОО студенттеріне, магистранттарға, оқытушыларға, мамандарға арналады.

1 - тақырып. Құқықтық реттеу түсінігі, пәні және әдістері

1. Құқықтық реттеу түсінігі және сипаттамасы
2. Құқықтық реттеу пәні мен аймағы
3. Құқықтық реттеу әдістері мен типтері
4. Құқықтық реттеудің шектері

1. Құқық қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған. Бұл үрдіс өз бетінше іске аспайды, ол тиісті құқықтық реттеу механизмі көмегімен жүзеге асырылады. «Құқықтық реттеу механизмі» түсінігін анықтау үшін алдымен «құқықтық реттеу» ұғымын ажырату қажет.

Алдымен, заң әдебиетінде «құқықтық реттеу» және «құқықтық ықпал ету» түсініктерінің бар екендігін атап өту қажет.

Құқықтық реттеу - қоғамдық қатынастарға құқықтық құралдар, әдістер мен тәсілдер көмегімен ықпал ету. Мысалы, қылмыстық құқықта қоғамға қауіпті әрекеттерді жасамау талабы бар. Бұнда қоғамдық қатынастарға тиісті заңдық ықпал ету үшін тиісінше құралдар (тыйым салушы құқық нормасы, заңды жауапкершілік, жаза), тәсіл (тыйым салу), әдіс (императивті) қолданылады.

«Құқықтық ықпал ету» түсінігі құқықтық реттеуге қарағанда кеңірек. Ол қоғамдық қатынастарға ықпал ететін құқықтық құбылыстардың барлық жиынтығын қамтиды. **Құқықтық ықпал ету - қоғамдық қатынастарға құқықтық құралдар, әдістер мен тәсілдер көмегімен ғана емес, өзге де**

құқықтық құбылыстар көмегімен ықпал етуді білдіреді. Өзге құқықтық құбылыстар қатарына құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық қағидалар, заңдылық, заңды жауапкершілік тағы басқалар кіреді. Мысалы, адамдардың басым көпшілігінің құқықбұзушылыққа бармайтындығы құқықтық құралдар, әдістер және тәсілдердің жұмыс істеуімен түсіндірілмейді, дұрысы құқыққа құрмет көрсетуді білдіретін қалыптасқан құқықтық санамен түсіндіріледі.

Құқықтық реттеу – заңдық құралдар жүйесімен жүзеге асырылатын, қоғамдық қатынастарға реттеу мақсатымен әсер ету. Құқықтық ықпал ету - құқықтың әлеуметтік өмірге, адам санасы мен әрекетіне әсерінің бірлігі және көп жақтылығымен сипатталатын үрдіс.

Құқықтық реттеу мен құқықтық ықпал ету былай ажыратылады:

Біріншіден, құқықтық реттеу пәні құқықтық ықпал ету пәніне қарағанда біршеме тар болып келеді. Құқықтық ықпал ету пәніне құқықпен реттелінбейтін, бірақ оның ықпалы жүретін экономикалық, саяси, әлеуметтік қатынастар да кіреді. Екіншіден, құқықтық реттеу арнаулы-заңдық әсер ету ретінде субъектілердің нақты құқықтары мен міндеттерін бекітумен, тиісті және мүмкін тікелей нұсқаулармен байланысты болса, құқықтық ықпал ету онымен тұрақты байланыста емес. Құқықтық реттеу құқық нормаларының құқықтық қатынастар арқылы жүзеге асырылатынын білдірсе, екіншісі оған міндетті емес. Бұл құқықтық реттеудің әрқашанда құқықтық ықпал ету болатынын білдіреді, ал құқықтық ықпал ету қоғамдық қатынастарды саналы реттеу бола бермейді.

Қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпал етудің құқықтық реттеуден басқа да нысандары бар. Олар ақпараттық-психологиялық, тәрбиелік, әлеуметтік болады. Ақпараттық-психологиялық нысан прескриптік (басқармашылық) құқықтық мәліметтердің субъект әрекетіне әсер етуін білдіреді. Оның заңдық құралы ретінде құқықтық көтермелеу мен құқықтық шектеулерді атауға болады. Құқықтық ықпал етудің тәрбиелік жағы құқықтық шындықтың субъектінің ішкі жан-дүниесіне, адам санасында құндылық көзқарастарды қалыптастыруға,

тұлғаны құқықтық тәрбиелеуге жалпы идеологиялық әсер етумен байланысты болады. Құқық заңдық мәдениетті көтеру, алдыңғы қатарлы, өркениетті идеялар мен принциптерді енгізу ролін атқарады.

Қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпал етудің әлеуметтік жағы құқықтық факторлар мен құқықтың әрекет етуінің барлық кезеңіне қатысатын өзге де әлеуметтік (экономикалық, саяси, адамгершілік) факторлардың өзара байланысымен сипатталады. Бұл факторлар өз жиынтығында құқық әрекетінің әлеуметтік ортасын құрайды. Оларға құқық нормасылар мен нұсқауларды халыққа жеткізу, құқықтық актілерде әлеуметтік пайдалы әрекетті мақсат етіп қою арқылы субъект әрекетін дұрыс бағыттау, құқықпен әлеуметтік пайдалы әрекет тәртібін қалыптастыру, әлеуметтік-құқықтық бақылау және т.б. жатады.

Құқықтық реттеу сатылары:

- Қоғамдық қатынастарды нормативті реттеу: құқық нормасын қалыптастыру және оны нормативті-құқықтық актіде бекіту;

- Құқықтық қатынастарды жеке реттеу (құқық нормасының негізінде құқықтық қатынастың пайда болуы): құқықтық қатынасты туындататын заңдық фактіден бастау алады да, құқық қолдану актісін қабылдаумен аяқталады. Құқық қолдану актісі құқықтық қатынасқа қатысушылардың жеке құқықтары мен міндеттерін анықтайды және оларға тиісінше жауапкершілік жүктейді.

- Құқық нормасын жүзеге асыру: субъективті құқықтарды тікелей пайдалану және заңдық міндеттерді атқарудан көрінеді.

2. Құқықтық реттеу пәні – құқықпен реттелетін құбылыстар. Құқық қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған. Құқық өз заңдылықтарына сәйкес өрбитін және адамдардың еркі мен санасына бағынбайтын физикалық, химиялық, биологиялық және басқа табиғи процестерді реттеуге қабілеттігі жоқ. Ол тек қоғамдық қатынастарды, адамдар арасында пайда болатын және олардың әрекетінде, мінез-құлқында көрініс табатын қатынастарды реттеуге ғана қабілетті. Сонымен бірге барлық қоғамдық қатынастар құқықтық реттеу пәнін құрай алмайтындығын ескеруіміз керек, өйткені тек кейбір қоғамдық

қатынастар ғана құқықпен реттелуі мүмкін және реттелуге тиісті. Құқықпен тек құқықтық реттеу аясына кіретін қоғамдық қатынастар ғана реттелуі мүмкін және реттелуге тиісті.

Құқықтық реттеу аясын, алдын ала, құқықпен реттелуі мүмкін және реттелуге тиісті қоғамдық қатынастар деп анықтап алсақ, құқық нақты қандай қоғамдық қатынастарды реттеуі мүмкін және тиісті деген орынды сұрақ туындайды.

Біріншіден, бұл **ерікті қоғамдық қатынастар**, яғни адамның еркіне сай қалыптасатын және олардың санасымен бақыланатын қарым-қатынастар. Құқық қоғамдық қатынастарды реттей отырып, алдымен адамның мінез-құлқына ықпал етеді. Сондықтан, адамның мінез-құлқы ғылыми заң әдебиетінде құқықтық реттеудің тікелей пәні ретінде қарастырылады. Егер адам әрекеті ерікті сипат алмаса, оның санасымен бақыланбаса, ол құқықпен реттелуі мүмкін емес. Мысалы, құқық жүйке ауруларымен ауыратын, гипноз жағдайындағы адам әрекетін реттей алмайды. Құқық адамның тек ерікті әрекетін, сол арқылы ерікті қоғамдық қатынастарды реттей алады.

Екіншіден, құқықпен тек **нақты** ерікті қатынастар реттелуі мүмкін және реттелуі тиіс, яғни нақты қатысушылар арасындағы қатынастар. Құқық бұқаралық әлеуметтік үрдістерді (көші-қон, демографиялық және басқа) реттеуі мүмкін емес, реттеуге тиісті де емес, өйткені олар объективті қоғамдық заңдарға сай өтеді. Құқық, әрине, оларға белгілі бір деңгейде ықпал ете алады, бірақ реттей алмайды.

Үшіншіден, құқықпен барлық нақты ерікті қатынастар емес, тек **сыртқы бақылауға** бағынатын қатынастар ғана реттелуі мүмкін және реттеледі. Құқық - қоғамдық қатынастардың сыртқы реттеушісі. Ол мемлекет тарапынан бастау алады, адамның құқыққа қатысты оң немесе теріс қатынасы бар-жоғына қарамастан, адамның қабылдануына немесе қабылдамауына қарамастан адамның мінез-құлқына әсер етеді. Адамның мінез-құлқына сырттай әсер ету арқылы құқық сыртқы реттеуге бағынатын және сырттай бақыланатын әрекеттерді ғана реттеуі мүмкін. Мысалы, құқық достық, серіктестік, бос уақытты пайдалану, жеке отбасылық қарым-қатынастарды реттей алмайды және реттеуге тиісті де емес. Олар сыртқы, формальды-

зандық реттеуге рұқсат бермейді және басқа әлеуметтік нормалармен реттеледі (әдет-ғұрып, мораль және т.б.).

Төртіншіден, құқықпен барлық нақты ерікті, сыртқы бақылауға бағынатын қатынастар емес, тек мемлекет пен қоғам үшін барынша маңызды болатын қатынастар реттелуі мүмкін және реттеледі. Құқық кез келген емес, тек әлеуметтік маңызды, өзге адамдардың, жалпы қоғамның, мемлекеттің мүддесіне әсер ететін мінез-құлықты реттеуге тиісті. Әйтпесе, құқық адамның әр қадамын аңдып отыратын, ұсақ камқоршыға айналады. Бұндай құқықтық реттеу зияннан басқа еш пайда әкелмейді.

Сонымен, мемлекет пен қоғам үшін барынша маңызды нақты ерікті, сыртқы бақылауға бағынатын қатынастар құқықпен реттелуі мүмкін және реттеледі. Осылар құқықтық реттеу аясын құрайды.

Бұдан басқа заң әдебиетінде құқықтық реттеу аясын басқаша топтастыратын көзқарастар да бар. Бұл ретте, құқықтық реттеу аясына қоғамдық қатынастардың үш тобы біріктіріледі: материалдық және материалдық емес құндылықтармен алмасу қатынастары, басқару қатынастары және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етумен байланысты қатынастар. Қоғамдық қатынастардың бірінші тобы қоғамның экономикалық негізін құрайды. Мұнда анықтаушы роль мүлдітік қатынастарға (өндіру, айырбас, бөлу және т.б.) тиесілі, оларды тауарлық-ақша қатынастары деп те атайды. Нақты осы қарым-қатынастар құқықтық реттеуді қажет етеді, және олар құқық пен құқықтық реттеудің пайда болуын негіздеді деп саналады. Қоғамдық қатынастардың екінші тобы қоғамның саяси негізін құрайды. Мұнда айқындаушы роль қоғамды мемлекеттік басқаруымен байланысты туындайтын қатынастарға тиесілі. Үшінші топ қоғамдық қатынастың алғашқы екі тобында белгіленген тәртіпті бұзуға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды біріктіреді.

Кейбір көзқарастарға жүгінсек, құқықтық реттеу аясына кіретін қоғамдық қатынастар құқықтық реттеу пәнін құрайды. Бұндай жағдайда «құқықтық реттеу аясы» мен «құқықтық реттеу пәні» ұғымдары арасында айырмашылық жоқ. Бірақ, аталған ұғымдарды ажыратып қарастыру жөн. Себебі, біріншіден,

құқықтық реттеу пәні құқықтық реттеу аясына кіретін барлық қоғамдық қатынастар емес, тек құқықпен реттелетін бөлігі. Құқықтық реттеу аясына кіретін, бірақ құқықпен реттелмеген қоғамдық қатынастар құқықтық реттеу пәні бола алмайды. Екіншіден, кейде құқықтық реттеу пәніне құқықтық реттеу аясынан тыс қоғамдық қатынастар да кіреді. Бұл мемлекеттің құқықтық реттеу аясынан тыс жататын, объективті түрде құқықпен реттелуі мүмкін емес қатынастарды (жануарлар әрекетін, кейде тіпті жансыз заттардың әрекетін) реттеу құштарлығынан туындайды.

Құқықтық реттеу пәні мен аясының үлгілі арақатынасы болса, құқықтық реттеу пәні құқықтық реттеу аясының бір бөлігі ғана болуы тиіс. Өйткені, құқық еш уақытта құқықтық реттеу аясына кіретін барлық қоғамдық қатынастарды қамти алмайды. Құқықтық реттеу пәні құқықтық реттеу аясына қарағанда тар ұғым. **Құқықтық реттеу пәні – құқықпен реттелетін, мемлекет пен қоғам үшін барынша маңызды нақты ерікті, сыртқы бақылауға бағынатын қоғамдық қатынастар.**

3. Құқықтық реттеу әдістері түсінігі құқықтық реттеу тәсілдері түсінігімен тығыз байланысты (әдебиетте бұл терминдер кейде өзара ауысымды қолданыла береді).

Құқықтық реттеу әдісі құқықтық қатынастың қатысушыларының өзара әрекеттестігінің сипатын көрсетеді. Әдетте құқықтық реттеудің екі негізгі әдістері бөлінеді:

1) Императивті әдіс - құқықтық қатынастың қатысушыларының бірінің екіншісіне биліктік бұйыруын білдіреді. Мысалы, қылмыс жасаған жағдайда мемлекет қылмыскерге жеткілікті деңгейдегі қатаң мәжбүрлеу шараларын қолданады. Заң әдебиетінде бұл әдіс бағындыру әдісі, авторитарлық әдіс, субординация әдісі деп те аталады.

2) Диспозитивті (автономды) әдіс құқықтық қатынас субъектілерінің тең құқылығына негізделеді. Мысалы, азаматтық құқықтық қатынастарда - сату, жалға беру, сақтау шарттарын жасасу т.б.

Құқықтық реттеу әдісі құқықты салаларға бөлудің ең маңызды өлшемі болып табылады.

Заң әдебиетінде:

- марапаттау әдісі (мысалы, еңбек құқығында көп қолданылады);

- сендіру әдісі (көптеген құқық салаларына тән);

- мәжбүрлеу әдісі (заңдық жауапкершілікті көздейтін құқық салаларына тән) де қарастырылады.

Айта кету керек, құқықтық реттеудің әдістері мен тәсілдері тиісті құқық нормаларына және құқықты жүзеге асыру нысандарына байланысты анықталады. Мысалы, құқықтық реттеу тәсілі ретіндегі рұқсат етуге диспозитивті әдіс, өкілдік беруші нормалар және іске асыру нысаны ретіндегі құқықты пайдалану сәйкес келеді. Тиісінше, құқықтық реттеу тәсілі ретіндегі тыйым салуға императивті әдіс, міндеттеуші нормалар және құқықты жүзеге асыру нысаны ретінде орындаумен сәйкестендіріледі.

Қоғамдық қатынастарға құқықтың әсер етуінің жалпы бағыты құқықтық реттеу негізінде - рұқсат ету немесе тыйым салу жатуына байланысты анықталады. Осы тұрғыдан құқықтық реттеудің екі типі бөлінеді:

- тікелей рұқсат ету типі;

- жалпы рұқсат ету типі.

Құқықтық реттеудің **тікелей рұқсат етуші типі** «тікелей рұқсат етілген жағдайды қоспағанда, барлығына тыйым салынған» принципін қолдануды көздейді. Субъектілер тек заң нормаларында рұқсат етілген әрекеттерді орындай алады. Ол әдетте қылмыстық-құқықтық кешеннің салаларында (қылмыстық құқық, қылмыстық-іс жүргізу құқығы, қылмыстық-атқару құқығы) және әкімшілік құқықта қолданылады.

Құқықтық реттеудің **жалпы рұқсат етуші типі** «тікелей тыйым салынғаннан басқаға рұқсат етіледі» принципін пайдалануды көздейді. Реттеудің бұл түрі негізінен азаматтық құқықтық қатынастар саласында, субъектілер заңға қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, қандай да бір іс-қимылдар жасауға құқылы болатын салаларда қолданылады.

Заңдық тәжірибеде осы әдістер, құқықтық реттеу типтері таза түрде көп кездеспейді: құқықтың кез-келген саласында олардың ұштаса қолданылуы кең таралған.

4. Құқықтық реттеудің шектері – құқық әрекетін реттейтін шекаралар, оның көлемінде қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу жүзеге асырылады.

Құқықтық реттеу шектерінің мәселесі отандық заңтануда әлі де тиісті түрде дамымаған, соған байланысты оны әртүрлі түсіндіруге болады. Біздің ойымызша, құқықтық реттеудің объективті және субъективті шектерін ажыратып қарастыру орынды.

Объективті шектер қоғамдық қатынастармен негізделеді. Құқықтық реттеу аясын қарастыру барысында қоғамдық қатынастардың барлығы бірдей құқықпен реттелуі мүмкін емес екендігін анықтадық. Кейбір қоғамдық қатынастар объективті түрде құқықтық реттеуге бағынбайды, сондықтан құқықпен реттелуі мүмкін емес, басқалары құқықтық реттеуге бағынады, бірақ объективті түрде оны қажет етпейді. Яғни, қоғамдық қатынастардың өздері олардың қайсысы құқықпен реттелуі мүмкін және реттелуі керек екендігі туралы хабар береді. Құқықтық реттеу аясы құқықпен реттелуі мүмкін және реттелетін қоғамдық қатынастар болғандықтан, құқықтық реттеудің объективті шектері құқықтық реттеу аясы шектерімен анықталады.

Құқықтық реттеудің субъективті шектері құқықшығармашылық органдармен, яғни позитивті құқық нормаларын қалыптастыратын органдармен анықталады. Құқықшығармашылық органдар құқық нормаларын қалыптастыра отырып, қандай қоғамдық қатынастар және осы нормалармен қалай реттелетіндігін анықтайды. Құқықтық реттеудің субъективті шектері – пәндік шектер, құқықтық реттеу пәнінің шектері немесе қоғамдық қатынастардың құқық нормаларымен реттелетін шектері. Құқықтық реттеудің субъективті шектері қоғамдық қатынастардың реттелу деңгейінде де көрініс табады.

Бақылау сұрақтары:

1. Құқықтық реттеу түсінігі
2. Құқықтық ықпал ету түсінігі
3. Құқықтық реттеу сатылары

4. Құқықтық реттеу пәні мен аймағы
5. Құқықтық реттеу әдістері
6. Құқықтық реттеу типтері
7. Құқықтық реттеудің шектері

Тест тапсырмалары

1. Құқықтық реттеу түсінігі:
 - A) қоғамдық қатынастарға өзге де құқықтық құбылыстар көмегімен ықпал ету
 - B) құқықпен реттелетін құбылыстар
 - C) әлеуметтік нормалармен реттелетін құбылыстар
 - D) қоғамдық қатынастарға құқықтық құралдар, әдістер мен тәсілдер көмегімен ықпал ету
 - E) мемлекет пен қоғам үшін барынша маңызды нақты ерікті, сыртқы бақылауға бағынатын қатынастар
2. Құқықтық реттеу сатылары:
 - A) қоғамдық қатынастардың пайда болуы
 - B) заңды салдардың туындауы
 - C) қоғамдық қатынастарды нормативті реттеу
 - D) құқықтық қатынастарды жеке реттеу
 - E) құқық нормасын жүзеге асыру
3. Құқықтық реттеу аясын құрайтын қоғамдық қатынастардың сипаты:
 - A) ерікті қоғамдық қатынастар
 - B) мәжбүрлеумен іске асатын қоғамдық қатынастар
 - C) нақты қатынастар
 - D) жалпы қатынастар
 - E) еш бақылауды қажет етпейтін қатынастар
 - F) сыртқы бақылауға бағынатын қатынастар
4. Құқықтық реттеу әдістері:
 - A) декларативті және нақты
 - B) императивті және диспозитивті
 - C) марапаттау, сендіру, мәжбүрлеу
 - D) рұқсат ету, тыйым салу, қорқыту

Е) айыптау, көтермелеу

5. Құқықтық реттеу типтері:

А) тікелей рұқсат етуші

В) мазмұндық

С) нысандық

Д) тыйым салушы

Е) жалпы рұқсат етуші

Дұрыс жауаптар кілті: 1.D; 2. CDE; 3.ACF; 4.BC; 5.AE.

2 - тақырып. Құқықтық реттеу мақсаты және құралдары

1. Заңды мақсат түсінігі, белгілері және түрлері

2. Құқықтық құралдар түсінігі, арнаулы белгілері

3. Құқықтық құралдардың түрлері

4. Құқықтық реттеу үрдісіндегі мақсат пен құралдың атқаратын қызметі

1.Құқықтық реттеу механизмінің мақсаты құқық нормасылар әрекетін қамтамасыз ету болып табылады, яғни құқық нормаларының жандануына, заңдық фактілермен байланысқа түсе отырып құқықта көрініс табатын жеке тұлғалардың, ұйымдардың, мемлекеттің, жалпы қоғамның мүддесін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Заңды мақсат – өкілді органдармен болжанатын қатынастың, құбылыстың немесе үрдістің үлгілі жағдайы, оған жету үшін құқықтық құралдардың белгілі бір кешенін қолдану ұйғарылады. Мақсат формалды анықталғандығымен, ресмилігімен, жалпыға бірдей міндеттілігімен, әрекеттестіктің келісілгендігімен сипатталады.

Құқықтық реттеу механизмінің әрекет етуі барысында заңшығарушының, құқық қолданушының және құқықтық қатынасқа нақты қатысушының мақсаттары айқындалады. Осы мақсаттардың бірлігі құқықтық реттеу механизмінің барлық

элементтерін тиімді нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін біртұтас өзара келісілген жүйеге біріктіреді. Сонымен бірге, дұрыс анықталмаған қажеттілік, жағымсыз ниет (ниет объективті қажеттілік пен оны қанағаттандыру үшін бекітілген мақсаттың арасындағы байланыстырушы звено болып табылады), қолданылатын құралдарды таңдау барысындағы қателік немесе субъектілердің біреуінің мақсатты дұрыс қоя білмеуі құқықшығармашылық органның бүкіл еңбегін зая кетіруі мүмкін. Нәтижесінде, тиімді жұмыс істеп тұрған механизмнің іс-әрекеті бұзылады.

Құқықтық реттеудің әрбір кезеңінде көмекші, аралық мақсаттар іске асырылады. Олар жоспарланған түпкі мақсатқа және лайықты нәтижеге жету үшін объективті қажеттілігімен танылады. Сонымен, мақсат түрлері **жалпы және жеке мақсат, негізгі және қосымша мақсат, абстрактілі және нақты мақсат, қоғамдық және өзіндік жеке мақсат** болып ажыратылады.

Құқықтық реттеу механизмінің мақсаты субъект мүддесін құндылықтарға еш кедергісіз жетуге бастауды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл оның мазмұндық белгісін көрсетеді.

Құқықтық реттеу механизмі оның мақсатына жетуге мүмкіндік беретін табиғаты және атқаратын қызметі бойынша әртүрлі құқықтық құралдар жүйесі. Бұл оның формалды жағын көрсетеді.

Құқықтық реттеу мақсатына жету барысында құқықшығармашылық және құқық қолдану субъектілеріне шектен шықпау маңызды:

- қолданылатын құралдарды дұрыс бағаламай, керісінше технологияларды асыра бағалау, нормативті базадағы кемшіліктерге, құқықтық вакуумға, құқықтық ақаулыққа, құралдардың жетілмеуіне әкеліп соғуы мүмкін;

- құралдарды асыра бағалап, технологияларды дұрыс бағаламау құқықтық нысанды оның мазмұнынан (қоғамдық қатынастардан) ажыратуға әкеліп соғады, бұл өз алдына «өлі» заңдардың болуына, құқықтық идеализмге әкеліп соғады. Құқықтағы үлгілі бастау шындыққа сәйкес келмейтін жағдай туындайды;

- құралдарды да, технологияларды да жеткіліксіз бағаламау құқықтық нигилизмді білдіреді, яғни құқықтық нысандарды да, оның мазмұнын да елемеуге, құқықтық мәдениеттің төменгі деңгейінің орнауына, әртүрлі сипаттағы құқық бұзушылықтардың болуына әкеледі;

- құралдарды да, технологияларды да асыра бағалау заңдық білім беруді қоғамдық шындықтан алшақтатуға себепші болады, нәтижесінде құқықтық реттеу мақсаты іске аспай қалады.

Мақсатқа жету қанағаттандырылуға тиісті мүдде сипатына бағынышты болатын заңдық құралдардың мүмкін болатын және жеткілікті кешені көмегімен жүзеге асырылады. Әртүрлі құқықтық құралдарға қажеттілік субъект мүддесінің құндылықтарға жетуінің сипатына, осы жолдағы кедергілердің болмысына байланысты анықталады.

2. Құрал – мақсат пен нәтижені байланыстырушы звено.

Құқықтық құралдар – құралдарда (бекітілім) және әрекетте (технология) көрініс табатын құқықтық құбылыстар, олардың көмегімен құқық субъектісінің мүддесі жүзеге асырылады, әлеуметтік пайдалы мақсатқа жету қамтамасыз етіледі.

Құқықтық құралдардың жалпы белгілері:

- құқық субъектілерінің мүддесін қамтамасыз етудің, қойылған мақсатқа жетудің (онда осы құрылымның, жалпы құқықтың әлеуметтік құндылығы көрініс табады) барлық жалпы заңдық тәсілдерін көрсетеді;

- құқықтық қатынастарға қатысушылардың мүдделерін қанағаттандыру жолында тұрған кедергілерді еңсеруге бағытталған ерекше заңдық күш беретін құқықтың ақпараттық-энергетикалық қасиеттері мен ресурстарын көрсетеді;

- белгілі бір түрде біріктірілген құқық әрекетінің, құқықтық реттеу механизмінің, құқықтық режимдердің негізгі жұмыс істеуші бөлігі (элементтері) болып табылады (яғни, құқықтың функционалдық жағы);

- құқықтық салдарға, нақты нәтижелерге, құқықтық реттеудің белгілі бір деңгейдегі тиімділігіне әкеледі;

- мемлекетпен қамтамасыз етіледі.

Нақты аралық делдал ретінде әрекет ететін құқықтық құралдар үлгілі (тағайындаушы-құралдар - құқықтар, міндеттер, ынталандыру, жазалау және т.б.) және шынайы фрагменттерден (құралдарды пайдалануға бағытталған іс-әрекеттер, ең алдымен құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру актілері) құралады.

Мақсатқа жетуге қажетті құралдар (бекітілім) және әрекет (технология) өзара ықпалдастығы принциптері:

- әрекетті жүзеге асыруға жеткілікті құқықтық бекітілім құралдарының болуы (егер заңды нысандар жеткіліксіз болса, субъектілер кейде өз мүдделерін қанағаттандыру үшін заңсыз әрекеттерді пайдаланады);

- нақты әрекеттерді кепілдік беретін бекітілім құралдарымен (мадақтау немесе жаза) қамтамасыз ету;

- бекітілім құралдарының тиісті жағдайда пайдалану тәжірибесін, яғни нақты бар әрекеттерді (технология) есепке алу;

- олардың заңдық күшін келістіру;

- құралдар (ақпарат) мен технологиялардың (іс-әрекет) бір-бірін өзара толықтыруы.

3. Құқықтық құралдарды әртүрлі негіздер бойынша жіктеуге болады.

Категориясына байланысты құқықтық реттеу құралдарының жоғарыда екі түрін қарастырдық: бекітілім түріндегі құралдар және іс-әрекет түріндегі құралдар (технология). Бекітілім-құралдар құқық мазмұнына кіреді және заңдық терминдер түрінде болады, тиісті немесе тыйым салынған әрекет туралы ақпарат береді. Іс-әрекет-құралдар құқықтық қатынас субъектілерінің заңды маңызды іс-әрекетінде көрініс табады.

Күрделілік деңгейіне байланысты бастапқы (қарапайым) және кешенді (күрделі) құқықтық құралдар болып бөлінеді. Алғашқысына қарапайым және бөлінбейтін нұсқаулар - субъективті құқықтар мен заңды міндеттер, мадақтау және жазалар, жеңілдіктер мен тыйымдар және т.б. жатса, екіншіге қарапайымдардан жинақталған жүйе - шарт, норма, институт, құқықтық режим және т.б. кіреді.

Құқықтық құралдар атқаратын рөлі бойынша - реттеуші (рұқсат ету) және қорғаушы (қорғау шаралары) болып бөлінеді.

Құқықтық реттеу пәні бойынша конституциялық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық және басқа болып, құқық салаларына қарай бөлінеді.

Табиғаты (сипаты) бойынша материалдық-құқықтық (ұсынымдар) және процессуалдық (талап) болып жіктеледі.

Туындататын салдарының маңыздылығын қарай кәдімгі (өсімпұл) және ерекше (өлім жазасы) болады.

Құқықтық құралдар әрекет уақытына сай тұрақты (азаматтық) және уақытша (сыйақы) болады.

Құқықтық реттеу түрі бойынша - нормативті (заң нормаларында бекітілген тыйым) және жеке (құқық қолдану актісі, құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру актісі) болып бөлінеді.

Ақпараттық-психологиялық бағдары бойынша ынталандырушы (жеңілдіктер) және шектеуші (тоқтата тұру) болып жіктеледі.

4. Құқықтық құралдар функциялары арасында құқықтық реттеудің максаттарына жетуі аса маңыздысы. Өз әрекеті арқылы осы құбылыстар субъект мүддесінің құндылықтарға кедергісіз жетуін қамтамасыз етеді, олардың заңды және әділ қанағаттандырылуын кепілдендіреді. Бұл өз алдына құқықтық факторлардың жалпы жүйесінде құқықтық құралдар мен технологиялар рөлін көрсетеді.

Құқықтық құралдар жағымды реттеуші факторларды күшейту және әлеуметтік байланыстарды реттеу жолында тұрған кедергілерді (теріс факторларды) жоюға бағытталған мемлекет пен қоғаммен кепілдендірілген жалпы мүмкіндіктерді қалыптастырады.

Құқықтық құралдардың қызметі олардың қоғамдық қатынастарға өркениеттік сипат беруімен де анықталады. Олар стихиялық, бей-берекет әрекеттердің орнына туындайтын мәселелерді шешудің құқықтық механизмін, қақтығыстарды шешудің құқықтық тәсілдерін ұсынады. Құқықтық құралдар нақты қоғамның өркениеттілік деңгейі туралы хабар береді, оның құқықтық мүмкіндіктерінің және құқықтық дамуының көрсеткіші болып табылады. Ол әлеуметтік-экономикалық және өзге де байланыстардың (мазмұн) тәртіпке келтірілуінің

құқықтық нысанының қажеттілігіне куәлендіреді. Құқықтық факторлардың бір жағынан, сыртқы (моральдық, саяси, ұйымдық және т.б.) факторлармен екінші жағынан, құқыққа қарсы факторлармен бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

Зандық құралдар әмбебап «құрылыс материалы» функциясын атқарады, одан құқық жүйесі құрылады. Өйткені, ол құқық құрылатын құбылыстарды - заңдық факт, субъективті құқық, міндет, мадақтау, жаза, норма, институт, сала бөлігі, саланы біртектес етеді.

Құқықтық режимдерде, құқықтық реттеу тәсілдерінде құқықтық құралдардың белгілі бір үйлесімдігі құқық салалары мен институттарына айрықша мән береді, нақты қоғамдық қатынастарды ұйымдастырудың арнайы тәртібін білдіреді, бұл оларды барынша теңгермелі және икемді шешуге мүмкіндік береді.

Құқықтағы мақсаттар мен құралдардың даму сипатын қарастырайық. Бір жағынан, қойылған мақсатқа байланысты осы мақсаттарға жету құралдары таңдалып алынады, өйткені мақсат тиісті заңды құралдарды талап етеді, олардың табиғаты мен бағытын анықтайды. Егер қандай да болмасын заң белгілі бір қоғамдық қатынастарды дамыту, жаңа әлеуметтік құнды байланыстарды қалыптастыру мақсатын алға қоятын болса, онда сол заңның мәтінінде ынталандырушы құқықтық құралдар (мадақтау, жеңілдіктер, рұқсат ету және т.б.) басым түрде қолданылады. Керісінше, құқықтық акт белгілі бір қоғамдық қатынастарды қорғау мақсатын көздесе, онда шектеуші құқықтық құралдар (тыйым салу, тоқтата тұру, жаза және т.б.) қолданылады. Құқықтық құралдарды таңдауға мақсаттан басқа қоғамдық қатынастардың сипаты, құқық саласының табиғаты, әлеуметтік маңызды нәтиже алу үрдісіне жағымсыз ықпал етуі мүмкін кедергілер де ескеріледі.

Сол сияқты, мақсат та оған жетуге мүмкіндік беретін шынайы құқықтық құралдардан бастау алуға тиісті.

Тиімді заң саналы және ғылыми негізделген мақсаттар мен оған жетудің құқықтық құралдарын қамтиды. Керісінше, егер заң шығарушы мақсатты дұрыс анықтай алмаса, құралдарды таңдау барысында қателік жіберсе, заң күтілетін нәтиже бермейді,

мемлекет пен қоғамның негізгі міндеттерін атқаруға көмектесе алмайды. Құқықтық реттеу мақсаты мен құралдарының маңыздылығына осылай көз жеткізуге болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Заңды мақсат түсінігі және белгілері
2. Заңды мақсат түрлері
3. Құқықтық құралдар түсінігі, арнаулы белгілері
4. Құқықтық құралдардың түрлері
5. Құқықтық реттеу үрдісіндегі мақсат пен құралдың атқаратын қызметі

Тест тапсырмалары

1. Өкілді органдармен болжанатын қатынастың, құбылыстың немесе үрдістің үлгілі жағдайы:

- A) түсінік
- B) арнайы белгі
- C) мақсат
- D) мән
- E) құрал

2. Заңды мақсаттың белгілері:

- A) формалды анықталғандық
- B) ресмилік
- C) мақсаттылық
- D) мәжбүр етуге негізделгендік
- E) әрекеттің келісілгендігі
- F) ғылымилық

3. Құқықтық қатынастарға қатысушылардың мүдделерін қанағаттандыру жолында тұрған кедергілерді еңсеруге бағытталған ерекше заңдық күш беретін құқықтың ақпараттық-энергетикалық қасиеттері мен ресурстары:

- A) құқықтың белгісі
- B) жауапкершілік белгісі
- C) құқық нормасы белгісі
- D) құқықтық құралдардың белгісі

Е) мақсаттың арнайы белгісі

4. Құқықтық құралдардың түрлері:

- А) мемлекеттік және қоғамдық
- В) құқықтық және әлеуметтік
- С) бастапқы және кешенді
- Д) нормалық және заңдық
- Е) тарихи және заманауи
- Ғ) ынталандырушы және шектеуші
- Г) нормативті және жеке

5. Құқықтық құралдар функциялары:

- А) құқық әрекетінің басты бағыттары
- В) құқықтық реттеудің мақсаттарына жетуі
- С) қоғамдық қатынастарға өркениеттік сипат беру
- Д) жағымды реттеуші факторларды күшейту
- Е) мемлекет әрекетінің басты бағыттары

Дұрыс жауаптар кілті: 1.С; 2.АВЕ; 3.Д; 4.СҒГ; 5.ВСД.

3 - тақырып. Құқықтық реттеу механизмі түсінігі, сатылары

- 1. Құқықтық реттеу механизмінің түсінігі
- 2. Құқықтық реттеу механизмінің белгілері
- 3. Құқықтық реттеу механизмінің құрылымы
- 4. Құқықтық реттеу механизмі сатылары

1. Құқықтық реттеу жүзеге асыру барысында белгілі бір кезеңдерден, элементтерден және құралдардан тұрады. Құқықтық басқарудың мұндай кезеңдері мен құралдарының жиынтығы «құқықтық реттеу механизмі» деп аталады. **Құқықтық реттеу механизмі – құқық субъектілерінің мүдделерін қанағаттандыру жолында тұрған кедергілерді жою мақсатында кезектілікпен ұйымдастырылған заңдық құралдар жүйесі.** Ол бірлікте алынған, қоғамдық қатынастарға

нәтижелі құқықтық әсер ету қамтамасыз етілетін заңдық құралдар жүйесі ретінде қарастырылады.

Бұл механизм бізге:

- қоғамдық қатынастардағы адамдардың жүріс-тұрысын кешенді түрде қамтамасыз етеді;

- механизмінің нақты функцияларының құқықтық динамикасын көрсетеді;

- әрбір құбылыстың құқықтық шындықтарын және оған байланысты өзге де құқықтық құбылыстар мен процестерді, арнайы функциялар және реттеу мүмкіндіктерін анықтайды.

Құқықтық реттеу механизмінің мақсаты – субъектілердің мүдделерін құндылықтарға кедергісіз жетуін қамтамасыз ету болып табылады. Бұны құқықтық реттеудің мазмұндық белгісі ретінде қарастыруға болады. Құқықтық реттеу механизмі – оның мақсатына жетуге көмектесетін табиғаты мен қызметі бойынша әртүрлі заңдық құралдар жүйесі. Бұл оның формалдық жағын көрсетеді. Құқықтық реттеу механизмінде әрекет ететін әртүрлі заңдық құралдарға сұраныс субъект мүддесінің құндылықтарға жетуінің әртүрлі жолдарымен, осы жолдағы көптеген кедергілермен анықталынады.

Құқықтық реттеу механизмнің элементтері болып қоғамдық қатынастардың құқыққа әсер етуінің негізгі кезеңін бейнелейтін, нақты жұмыс істейтін құқықтық жүйенің фрагменттері танылады.

Құқықтық реттеу механизмінің элементтері:

- құқықтық нормалар (онда субъект мүддесін қанағаттандырудың үлгісі (моделі) көрсетіледі);

- заңдық факт немесе заңдық құрам;

- құқықтық қатынастар (нормативті талаптар тиісті субъектілер үшін нақтыланады);

- құқықтар мен міндеттер жүзеге асырылатын актілер (сақтау, орындау, пайдалану нысанындағы субъект әрекеті);

- қорғаушы құқық қолдану актісі (құқық бұзушылық жағдайында қолданылады).

Құқықтық реттеу механизмінің қосымша элементтеріне:

- құқықтық нормаларды ресми түсіндіру актілері;

- құқықтық сана және құқықтық мәдениет;

- заңдылық режимі жатады.

Ажыратады: қатынастарды реттеу кезеңі; жеке құқықтар мен міндеттердің пайда болу кезеңі; құқықтар мен міндеттердің жүзеге асырылу кезеңі. Әрбір жүйе құраушы орталықтардан кезеңдердің негізгі мазмұны анықталып, құқықтық реттеу механизмінің бастапқы элементтері ажыратылады. Олардың айналасында ерекше сипаттағы барлық және өзге де заңдық құбылыстар мен процесстер жүйелерге топтастырылып, құқықтық реттеу механизмінің қосалқы элементтері қалыптастырылады (құқықтық сана, құқықтық мәдениет, заңдық техника және т.б.).

Құқықтық реттеу механизмінің тиімділігіне қаншалықты реттеу мақсаты сауатты анықталған және жетістіктерге қол жетімді тәсілдері қаншалықты оңтайлы таңдалғаны тікелей әсер етеді.

2. Құқықтық реттеу механизмі түсінігі теорияда қоғамдық қатынастарды ретке келтіру мақсатында реттеу мүмкіндіктерін жүзеге асыру көмегімен, құқықтық жүйелердің әртүрлі элементтерінің өзара әрекеттесуін ашуда қолданылады.

Құқықтық реттеу механизмі - құқықтық тәсілдердің бірлікте алынған жүйесі, құралдары және нысандары, олардың көмегімен құқық субъектілерінің мүдделері қанағаттандырылады және құқықтық тәртіппен қамтамасыз етіледі, қоғамдық қатынастар белгіленіп, құқық нормативтілігі реттілікке ауысады.

Құқықтық реттеу механизмінің негізгі белгілері (ерекшелігі):

1. Әлеуметтік реттеу механизмінің құрамдас бөлігі болып табылады. Оның құқықтық қызметі саяси, экономикалық, адамгершілік және басқа да әлеуметтік реттеу механизмінің түрлерімен байланысып жүреді;

2. Көлемі бойынша кең бола тұра санатты насихатталып, барлық құқықтық шындық құбылыстарын жинайды:

- құралдары (құқық нормасы, субъективті құқық және заңды міндет, сот шешімдері және т.б.);

- тәсілдері (рұқсат ету, міндеттеу, тыйым салу);

- нысандары (пайдалану, орындау, сақтау, қолдану);

3. Құқықтық құралдардың жүйесін, тәсілдерін, нысандарын, өзара іс-қимыл мен байланыстылығын білдіреді. Құқықтық реттеу механизмінің әрбір бөлігі орналасқан орнында (сағат механизмі ретінде) арнайы функцияларын орындайды. Олардың атқаратын жұмыстарының сапасы басқа бөліктеріне және нәтижесі тетіктің жұмыс істеуіне жалпы әсер етеді;

4. Қоғамның құқықтық жүйесінің динамикалық бөлігі болып табылады. Оның қозғалысы өз әрекеттерінің тетіктеріне сәйкес келетін сатыларында көрінеді. Құқықтық реттеу механизмі қоғамның құқықтық жүйесі ретінде құқықтық шындық тұтастығын білдіре отырып, қоғамның даму заңдылықтарын, экономика және мәдениет саласындағы даму деңгейімен анықталады. Оның тағайындалуы құқықтық жүйелердің қажетті элементтерін, оның «жұмыстарын» қолданысқа келтіруден тұрады. Құқықтық реттеудің тиімділігі өзінің мүдделерін қанағаттандырумен қозғалыста болатын, заңдық нормалардың ұсынымдары қоғамдық қатынастарға қатысушылардың мінез-құлқына сәйкес пайда болатын механизмге байланысты;

5. Оның қызметінің нәтижесі қоғамда құқықтық тәртіпті орнықтыру болып табылады.

3. Құқықтық реттеу механизмі жалпы жүйе ретінде келесідей **құрылымдардан** тұрады:

- құқық нормасы. Ол құқықтық реттеудің бастапқы базасын құрайды. Мұнда құқық субъектісі ұстануға тиісті қажетті мінез-құлық үлгісі қалыптасады;

- заңдық факт (нақты құрам), құқықтық реттеу механизмінің «тітіркендіргіші» болып табылады. Оның нәтижесінде «өлі» құқық нормасы жанданып, құқықтық реттеу механизмі қозғалысқа келеді;

- заңдық факт (нақты құрам) негізінде құқықтық қатынастар пайда болады;

- құқықтардың жүзеге асырылуы;

- құқыққолдану актісі;

- қорғаушылық құқыққолдану актісі (қосымша элементтер).

Құқықтық реттеу механизмінде барлық осы элементтер бірігеді және механизм қозғалысқа келтіріледі.

Құқықтық реттеу механизмінің аталған негізгі элементтерімен қатар қосымша құрамдас бөліктері де болады. Оларға *тұрғындардың құқықтық тәрбиелігі мен лауазымды тұлғалардың кәсіби-заңдық мәдениеті, құқықтық сана, тұрақты заңдылық пен құқықтық тәртіп*, сондай-ақ *адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың әдіс-тәсілдері* кіреді.

Жалпы айтқанда, құқықтық реттеу механизмі түсінігі:

- заңдық қондырманың барлық бөліктерін және оларға ықпал ететін факторларды бір ортаға жинақтауға;

- оларды өз орындарына орналастыруға;

- заңдық, әлеуметтік, психологиялық және өзге де факторлардың құқықтық реттеу үрдісіндегі атқаратын қызметтерін анықтауға;

- құқықтық принциптер мен нормалардың әрекетке (құқықтық немесе құқыққа қарсы) айналу барысын, заңдылық пен құқықтық тәртіптің немесе құқықтық нигилизмнің пайда болуын түсінуге;

- қоғамдағы құқықтық реттеуді жетілдіру қажеттілігін негіздеуге, құқықты жүзеге асыру тиімділігі мен сапасын, құқықтық мәдениет деңгейін көтеруге көмектеседі.

4. Сәйкесінше көрсетілген элементтер құқықтық реттеу механизмінің келесідей сатыларын бөліп көрсетеді:

Бірінші сатыда қоғамдық қатынастарды реттейтін тиісті құқық нормасы қабылданады. Бұл сатыда мүдделер мен құқықтық қатынастар шеңбері анықталып қана қоймай, үдеріске кедергі жасауы мүмкін немесе оларды женудің факторлары мен құқықтық құралдары анықталынады. Осы сатыда құқықтық реттеу механизмінің негізгі элементтері құқықтық нормада көрініс табады.

Екінші сатыда заңды фактілерді байланыстыратын, әрекет үшін қажетті құқық нормасы бар нақты мән-жайлар пайда болады. Заңдық тәжірибеде құқықтық қатынасты туғызатын, өзгертетін немесе тоқтататын оқиға және әрекет (әрекетсіздік) заңдық фактінің қозғалыс серпіні болып табылады. Бұл сатыны

сипаттайтын элемент заңды факт болып табылады. Осылайша, құқықтық реттеу механизмінің екінші сатысы заңды факт іс жүзіндегі құрам элементтерінен көрініс табады.

Үшінші саты - тиісті құқықтар мен міндеттерді бөле отырып, құқықтық қатынастың пайда болу субъектілері мен объектілерін анықтайды. Құқықтық реттеудің осы кезеңінде құқық нормасының талаптарын кім және қалай орындайды, жалпы мінез-құлық моделі, субъектіге қатысты қалыптастырылған құқық нормасын нақтылау анықталады. Себебі, құқықтық қатынасқа қатысушылардың арасында құқықтар мен міндеттер айқындалады. Бұл сатыда құқықтық реттеу механизмі құқықтық қатынастан көрініс табады.

Төртінші сатыда құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтары мен міндеттері тікелей жүзеге асырылады. Бұл субъектінің нақты мінез-құлқы, заңнама еркіне бағытталған, қамтамасыз ететін нәтижесі қанағаттандырылады. Нақты субъектілердің жүріс-тұрысының жүзеге асырылуына жағдай жасайтын құрал анықталынады. Бұл - субъективтік құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру актілері. Аталған актілер үш нысанда көрініс табады: сақтау, орындау және пайдалану.

Бесінші саты - құқыққолдану актісін шығару сатысы. Ол құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға кепілдік беретін, құзыретті органдардың билік талабы. Бұл жағдайда құқыққолдану актісі, құқықтық реттеу механизмінің соңғы сатысы болып табылады, нәтижесінде құқық субъектісі белгілі бір мақсатқа жетеді. Сәйкесінше, құқыққолдану актісінен жаңа құқықтық қатынас пайда болады (бұл жағдайда құқыққолдану актісі заңды факт ретінде танылады) және құқықтық реттеу механизмі қайта іске қосылады, бірақ олардың мазмұндары әртүрлі болады.

Құқықтық реттеу механизмінің әрекетін нақты мысал келтіре отырып қарастырайық. Талапкердің мақсаты – жоғарғы оқу орнына түсу. Талапкер ЖОО түсу үшін тиісті құқығын жүзеге асыратын құқық нормасына, қоғамдық қатынастарды реттейтін сатыларға сүйенеді. ҚР Конституциясының 30-бабына сәйкес азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Бұл құқық

нормасы, одан әрі дамытылып «Білім туралы», «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» туралы Қазақстан Республикасының Заңдары мен бірқатар заңға тәуелді нормативтік актілерде жарияланған.

Бұл норма ары қарай жұмыс істеу үшін, заңды факт болып табылатын құқық нормасының әрекет етуіне қажетті нақты мән – жайлар көрініс алу қажет. Бұл дегеніміз жалпы орта білімі бар, белгілі бір жасқа толған тұлға ЖОО түсу үшін тиісті барлық құжаттарын қоса отыра, сол тұлға өзінің атынан өтініш жазады, ең бастысы бұл жағдайда заңды факт туындап отыр.

Бұл нақты құрам барлық құқықтық реттеу механизмін қозғалысқа әкеледі. Құқықтық қатынастың пайда болу шегінде құқық нормасына сәйкес оларды салыстыру барысында заңды фактінің заңдық жіктелуі туындайды. Өзара құқықтар мен міндеттер пайда болады: бір жағынан – талапкер, екінші жағынан – ЖОО әкімшілігі. Соңында, үздік дайындалған талапкерлерді конкурстық іріктеу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті. Ары қарай білім алу құқығын тікелей жүзеге асыратын акт қабылданады: талапкер түсу сынағынан сәтті өтеді, конкурстық іріктеуден өтеді.

Білім беру мекемесіне қабылданғаны жөнінде ЖОО ректоры бұйрық шығарады, бұл құқыққолдану актісіне сәйкес құқықты жүзеге асыру актісі анықталады.

Жоғары оқу орнына қабылданғаны туралы ректордың бұйрығы, жоғары білім алумен байланыстылығы жаңа құқықтық қатынастың өмірге келуін тудырып отырған – құқыққолдану актісі болып табылады. Бұл жағдайда құқықтық реттеу механизмінің жаңа мазмұны әрекет етеді.

Құқықтық реттеу механизмінде тағы бір, құқықтық реттеу механизмін **алтыншы кезеңі** болуы мүмкін. Ол – бұзылған құқықтарды қорғау, егер құқықтық қатынас субъектісі өзге субъектілердің құқыққа сай емес әрекеттерінің нәтижесінде өзінің құқықтарын жүзеге асыра алмайтын жағдай да болуы мүмкін. Бұл жағдайда теріс сипаттағы мән-жайлардан құқыққолдану пайда болады да (құқық бұзушылық немесе

қылмыстардың қауіптілігі), оларды шешу әрекеттері іске кіріседі.

Бақылау сұрақтары:

1. Құқықтық реттеу механизмі түсінігі
2. Құқықтық реттеу механизмінің белгілері мен жалпы сипаттары
3. Құқықтық реттеу механизмінің негізгі элементтері
4. Құқықтық реттеу механизмінің қосымша элементтері
5. Құқықтық реттеу механизмінің сатылары

Тест тапсырмалары:

1. Құқықтық реттеу механизмі:
 - A) бұл игіліктің нақты жиынтығын нақты тұтынушының тұтынуынан алынатын қанағаттану
 - B) бұл құқық субъектілерінің мүдделерін қанағаттандыру жолындағы кедергілерді жою мақсаттарында кезекті түрде ұйымдастырылған заңи құралдардың жүйесі
 - C) әлеуметтік субъектінің өз еркіне, өз мүддесі мен мақсаттарына сай әрекет етуге мүмкіндік беретін ахуалы
 - D) адамның өз мінез-құлқын қажеттілікке және оны практикалық қызметте іске асыруға сәйкес саналы таңдаудың өзіндік ерекше тәсілі
 - E) болмысымыздағы өмірімізге мән-мағына беретін заттар мен құбылыстар
2. Құқықтық реттеу механизмінің қосымша элементтеріне:
 - A) құқық нормасы
 - B) құқықтық қатынастар
 - C) құқықтық сана және құқықтық мәдениет
 - D) құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру актілері
 - E) құқықтық нормаларды ресми түсіндіру актілері
 - F) құқық қолдану актісі
3. Құқықтық реттеу механизмінің мазмұндық белгісі:
 - A) субъектілердің мүдделерінің құндылықтарға кедергісіз бағыт алуын қамтамасыз ету

В) табиғаты және функциялары бойынша әр түрлі заңды құралдардың жүйесі

С) жеке адамдардың қоғамдағы саяси құндылықтарды өзіне дарыту үдерісі

Д) тәртіптілікті сақтауға арналған қызмет

Е) әртүрлі әлеуметтік топтар мүдделерін ескеру

4. Құқықтық реттеу механизмінің формалды белгісі:

А) субъектілердің мүдделерінің құндылықтарға кедергісіз бағыт алуын қамтамасыз ету

В) табиғаты және функциялары бойынша әр түрлі заңды құралдардың жүйесі

С) жеке адамдардың қоғамдағы саяси құндылықтарды өзіне дарыту үдерісі

Д) тәртіптілікті сақтауға арналған қызмет

Е) әртүрлі әлеуметтік топтар мүдделерін ескеру

5. Құқықтық реттеу механизміне тән қасиет:

А) адамдардың қоғамдық және жеке өмірінің барлық салаларын қадағалап отырады

В) қоғам мүшелерінің саяси тәжірибесін реттейді

С) нақты функцияларының құқықтық динамикасын көрсетеді

Д) саяси мінез — құлқын жөнге салып отыратын саяси құндылықтар

Е) әрбір құбылыстың құқықтық шындықтарын және оған байланысты өзге де құқықтық құбылыстар мен процестерді, арнайы функциялар және реттеу мүмкіндіктерін анықтайды

Ғ) қоғамдық қатынастардағы адамдардың жүріс-тұрысын кешенді түрде қамтамасыз етеді

Г) әркімнің жеке басының қасиеттеріне байланысты сұрыптау

Дұрыс жауаптар кілті: 1.В; 2.СЕ; 3.А; 4.В; 5.СҒҒ.

4 - тақырып. Нормативтік негіз /құқық нормалары/ - құқықтық реттеу механизмінің бастапқы элементі

1. Құқық нормасы түсінігі, белгілері
2. Құқық нормасының түрлері
3. Құқық нормасының құрылымы
4. Құқық нормасы мен нормативті-құқықтық акт бабының арақатынасы

1. Құқық нормасы құқықтық реттеудің бастапқы негізі болып табылады. Онда құқық субъектісі ұстануға тиісті әрекет үлгісі анықталады. Құқық нормасы - мемлекетпен бекітілген, мақұлданған іс-әрекет тәртібі. Құқық нормасы - әлеуметтік құрылым ретіндегі құқықтың бастапқы элементі, бүкіл құқықтық жүйенің негізгі түсінігі. Құқық нормасының салыстырмалы толық түсінігін анықтау үшін, құрылу процесін, негізделуін, табиғатын, белгілерін, әлеуметтік ролін ұғыну қажет.

Құқық нормасы - объективті дүниені бейнелеудің жоғарғы үлгісі ретіндегі адамның әлеуметтік әрекетінің жемісі. Олар қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу қажеттілігін түсінудің нәтижесі ретінде пайда болады. Заң шығарушы заңдарды жасап шығарушы, ойлап табушы ретінде емес, өзіне объективті шындық туралы толық білімді бейнелеуді қалыптастырушысы ретінде қарауы қажет. Яғни, заңдар оны қалыптастырушының әрекетінің нәтижесі емес, өмір шындығының бейнеленуі екенін естен шығармауымыз қажет. Сонымен қатар, адамның ойлау әрекеті - өзіндік заңдары мен ерекшеліктері бар күрделі процесс екенін, ал құқық нормасын жасау - бейнелеудің неғұрлым қайшылықтағы түрі - қоғамдық-саяси деңгейдегі бейнелеу екенін де ұмытпауымыз керек. Бұнда ойлау әрекетінің тәртібі мен заңдары таптардың, әлеуметтік топтардың мүддесі мен талаптарымен ұштасады. Құқық нормасы, сондықтан да, түп нұсқаның көшірмесі бола алмайды.

Құқық нормасы - заңда және заңға тәуелді актілерде мемлекет құқық субъектісінің заңды тыйым салынбаған әрекетін көрсететін өлшем ретінде саналатын жалпыға міндетті іс-әрекет

тәртібі. Құқық нормаларына тән сипат - жүйелік. Олар (жекелей түрде емес) бөліктер түрінде қалыптасады және әрекет етеді. Яғни, кешендер, ассоциациялар құқық институттары құрамында және кең құрылымдарда - құқық салаларында қалыптасады, әрекет етеді. Зандық нормаларда бейнелеу объектісі болып материалдық және әлеуметтік өмірдің жағдайлары танылады. Құқық нормаларында әлеуметтік шындықтың бейнелеуінің өзіндік ерекшеліктері бар, оларды құқық нормасының белгілері ретінде түсіндірсе де болады: Құқық нормасы неғұрлым маңызды, қоғамға қажет қатынастарды бейнелейді. Бірақ, барлық қатынастар құқықта көрініс тауып, бекітіле бермейді, тек мемлекеттік қолдау тапқан бөлігі ғана бекітіледі. Ғылыми негізделу - бейнелеу процесімен байланысты құқық нормасының арнаулы белгісі. Құқық нормасы реттелуге тиісті қоғамдық қатынастардың моделі болып табылады.

Сонымен, **құқық нормасы - жалпыға бірдей міндетті, формальды айқын, мемлекетпен тағайындалатын және қамтамасыз етілетін, ресми актілерде бекітілген және жарияланған қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған әрекет тәртібі.**

Құқық нормасының белгілері:

1. Формальды айқындық: құқық қайнар көзінде бекітілген, мәтіндік нысаны болады;
 2. Жүйелік: ішкі құрылымы (гипотеза, диспозиция, санкция) және өзге құқық нормаларымен байланысы болады;
 3. Жалпылық (нормативтілік) сипаты: тұлғалардың анықталмаған шеңберіне қатысты көп мәрте қолдану мүмкіндігі;
 4. Жалпыға бірдей міндеттілік: бұзылған жағдайда мемлекеттік мәжбүр ету әрекеті танылады;
 5. Норма мемлекеттен бастау алады, оның еркін білдіреді;
 6. Қоғамдық қатынастарды реттейтін әлеуметтік нормалардың бір түрі болып табылады.
2. Құқық нормаларының тағайындалуы мен реттеу мүмкіндігі туралы толық түсінік нормаларды әртүрлі негізде жіктеуге мүмкіндік береді.

Құқықтың **атқаратын қызметіне** қатысты құқық нормалары **реттеуші және қорғаушы** болып бөлінеді. Реттеуші

норма – құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін бекітеді. Қорғаушы норма тыйымдарды бекітеді және жаза тағайындайды.

Әрбір норма адамның еркіне, санасына ықпал етеді, оның іс-әрекетін реттейді. Сондықтан, реттеуші нормалар құқық тағайындаушы болып табылады, онда қоғамдық қатынастарға қатысушыларға берілетін құқықтар мен міндеттерді жүктейтін нұсқаулар бар. Құқық нормалары қоғамдық қатынастарға қатысушылардың әрекетіне әртүрлі әсер етеді. Әрекеттің белгілі бір түріне міндеттей алады немесе белгілі бір әрекеттерді жасауға өкілеттілік береді не болмаса әрекет жасауға тыйым салады немесе әрекет жасауды көтермелейді. Құқық нормалары нормада қалыптасқан әрекетке байланысты міндеттеуші, өкілдік беруші, тыйым салушы және көтермелеуші нормаларға бөлінеді.

Қорғаушы нормалар құқықтық жауапкершілікті және басқа субъективті құқықтарды қорғайтын күштеу шараларын белгілейді. Бұл жерде адамдардың әрекетін реттеу жанама түрде іске асырылады. Белгілі бір салаға тиістілігіне байланысты қорғаушы нормалар қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық болып жіктеледі. Аталған құқық салалары нормалар негізінде қоғамдық қатынастарды қорғауға мамандандырылады.

Құқық нормалары құқықтық реттеу пәніне байланысты конституциялық, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, экологиялық және т.б. болып бөлінеді.

Құқықтық реттеу әдістеріне байланысты құқық нормасы императивті, диспозитивті, ұсынымдық, ынталандырушы болуы мүмкін. Императивтік норма қалыптасқан шарттар туғанда құқық субъектілерінің әрекетін тікелей анықтайтын қатаң ережелерді бекітеді. Олар құқықтық қатынасқа түсушілердің еркі мен келісімімен өзгертіле немесе басқаша ауыстырыла алмайды. Диспозитивтік нормалар қоғамдық қатынастарға түсушілерге құқықтар мен міндеттер жиынтығын екі жақтық келісім арқылы анықтауға мүмкіндік береді, тек екі жақтың келісімі болмаған жағдайда ғана жұмыс жасайды, норма күшіне енеді. Ұсынымдық нормалар құқық субъектілерінің белгілі бір әрекетті жасауының мақсаттылығы, қажеттілігі туралы ұсынымдар мен кеңестерді

мазмұндайды. Ынталандырушы норма әлеуметтік пайдалы мінез-құлықты мадақтауға бағытталады.

Құқық нормалары **зандық күшіне байланысты** заң нормалары және заңға тәуелді акт нормалары деп бөлінеді. Заң нормалары өздерінің заңдық күшіне байланысты өзге нормалардың арасында басты маңызды орынға ие болады. Заңға тәуелді акт нормалары заң нормаларына тәуелді, солардың негізінде және оларды жүзеге асыру үшін, заңдарды орындау үшін шығарылады.

Қолдану аймағына байланысты нормалар жалпы, арнаулы және төтенше болып бөлінеді. Жалпы нормалар - барлық адамдар мен заңдық ұйымдарды қамтитын анықтаушы қағидалық ережелерді бекітеді. Жалпы нормалармен қатар, өз әрекетін толық анықтаған адамдар тобына, органдарға, ұйымдарға арнаулы нормалар жұмыс жасайды, ал төтенше нормалар құқық субъектілерінің нақты түріне арналған, ерекше реттеуді қажет ететін жағдайларды көрсетеді.

Әрекет ету шегіне байланысты нормалар кеңістіктегі әрекетке байланысты жалпы және жергілікті, уақыт аралығындағы әрекетіне байланысты мерзімді және мерзімсіз, субъектілеріне байланысты жалпы, арнаулы, төтенше деп бөлінеді.

Сипатына байланысты құқықтық нормалар материалдық және процессуалдық болып бөлінеді. Материалдық құқық нормалары тікелей қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған құқықтар мен міндеттердің және тыйым салудың мазмұнын анықтайды. Процессуалдық құқық нормасында материалдық құқық нормаларының жүзеге асырылуының тәртібі, рәсімі, үлгісі анықталынады.

3. Құқық нормасының құрылымы

Гипотеза, диспозиция, санкция әрекет тәртібі ретіндегі заңдық норманың құрылымдық элементтері болып табылады.

Гипотеза өмірлік жағдайларға сілтейтін, солардың болуы арқасында оның диспозициясы жүзеге асатын заңдық норманың элементі. Гипотезаның көмегімен анықталған абстрактілі әрекет нұсқасы нақты өмірлік жағдайларға, субъектілерге, уақытқа жеке бекітіледі. Гипотезаның шеңберінде

жалпы мен жекенің диалектикалық әрекеттестігі жүзеге асады. Гипотеза толық және жартылай анықталған болып бөлінеді.

Диспозиция - құқықтық қатынастың қатысушылары орындауға тиісті әрекет тәртібіне сілтейтін заңдық норманың элементі. Диспозиция заңдық норманың түп тамыры - әрекет тәртібі. Сондықтан да, кейде заң әдебиетінде құқық нормасы диспозицияға саяды. Бірақ, құқық нормасы бір диспозициядан тұруы мүмкін емес. Диспозиция гипотезамен, санкциямен ұштаса отырып өзіндік реттеушілік қасиетіне ие болады.

Диспозиция әрқашан да құқықтық әрекеттің моделі. Осыған байланысты кейде қылмыстық құқықтың ғылыми әдебиеттерінде гипотезаны диспозиция деп те атайды. Қылмыстық құқық нормасында диспозиция көп жағдайларда тікелей көрсетілмеген, бірақ гипотезаны талдау арқылы логикалық жолмен оңай тағайындалады. Қылмыстық әрекет жасауға тыйым салу осындай жағдайлардың диспозициясы ролін атқарады.

Диспозиция толық анықталған (субъектілердің құқықтары мен міндеттері барынша айқын көрсетіледі), жартылай анықталған (субъектілердің құқықтары мен міндеттері жалпылама көрсетілген) және сілтемелі (әрекет тәртібі толықтай немесе жартылай басқа нормаға сілтенеді) болып бөлінеді.

Заңдық норманың санкциясы оны логикалық аяқтайтын құрылымдық элементі. **Санкция – құқық нормасының диспозициясында көрсетілген талаптардың бұзылуы жағдайында қолданылатын көтермелеу немесе жазалау шаралары.** Санкция позитивті (өз міндетін дұрыс орындағаны үшін көтермелеу шаралары) және негативті (жазалау шаралары түрінде) болуы мүмкін. Құқық нормасындағы санкцияның мазмұны заң әдебиетінде көбінесе, құқық бұзушы үшін пайда болатын мемлекеттік күштеу шаралары, жаза арқылы беріледі. Әрі осындай түсініктің шеңберінде санкция ұғымының әртүрлі бейнесі көрсетіледі. Санкция жинақтық түсінік, онда: а) ретроспективтік жауапкершілік шаралары; ә) ескертпелік әсер ету шаралары; б) қорғау шаралары; в) субъектінің әрекетінің нәтижесінде пайда болған жағымсыз салдар жинақталады. Олардың мәндік және біріктірушілік ерекшеліктерінің жағымсыз

салдарын көрсетеді (материалдық, ұйымдастырушылық немесе жеке сипаттағы айырылушылықтар), бұлар нормада тағайындалған әрекет тәртібін бұзған немесе оларды орындаудан қашатын субъектілерге қатысты пайда болады.

Ретроспективтік жауапкершілік шараларының мазмұнын талап етілетін стандарттан ауытқып кету салдарынан адамдарда пайда болатын қосымша айырулар құрайды. Ескертпелік әсер ету шаралары құқық бұзушылықтың алдын алатын, болашақта қоғамдық қатынастардың дұрыс қызмет етуін қамтамасыз ететін жағдайларға нұсқайды. Қорғау шараларының мазмұнын субъектіге келтірілген зиянды жою мен оның бұзылған құқығын қалпына келтіру құрайды.

Санкция анықталу дәрежесіне байланысты үш түрлі болады: 1) толық анықталған санкция (мысалы, өлім жазасына кесу); 2) салыстырмалы анықталған санкция (жауапкершіліктің бастапқы мен жоғары мөлшерін анықтау); 3) баламалы санкция (санкцияның бірнеше түрін ұсыну).

4. Құқық нормасы мен нормативті-құқықтық акт бабы бір-біріне дәлме-дәл сәйкес келетін ұғымдар емес. Құқық нормасы - гипотеза, диспозиция, санкциядан тұратын әрекет тәртібі. Заң актісінің бабы - мемлекеттік еріктің көрініс табу нысаны, құқық нормасының жүзеге асырылу құралы. Құқық нормасы мазмұнды құраса, заң бабы оның нысаны болып табылады.

Құқық нормасы мен нормативті акт бабының арақатынасы үш түрлі болуы мүмкін:

- әрекет тәртібін мазмұндай отырып, заң шығарушы құқық нормасының барлық үш элементін нормативті актінің бір бабына енгізуі мүмкін. Яғни, бір заң бабында бір құқық нормасы беріледі;

- нормативті актінің бір бабына бірнеше құқық нормасын енгізуі де мүмкін;

- құқық нормасының элементтерін нормативті актінің бірнеше баптарында беруі мүмкін.

Мазмұндалу тәсілдеріне байланысты **құқық нормасы мен заң бабының үш түрлі арақатынасы** танылған:

1) тікелей жазылу тәсілі: онда құқық нормасы нормативті акт бабында тікелей және нақты мазмұндалады. Құқыққалыптастырушының еркі, ойы нақты түрде көрсетіледі.

2) сілтемелі жазылу тәсілі: бұнда құқық нормасының белгілі бір бөлігі осы нормативті актінің басқа бабына сілтенеді.

3) бланкеттік жазылу тәсілі: онда норманың белгілі бір бөлігі өзге нормативті актіге немесе актілерге сілтенеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Құқық нормасы түсінігі, белгілері
2. Құқық нормасының түрлері
3. Құқық нормасының құрылымы
4. Құқық нормасы мен нормативті-құқықтық акт бабының арақатынасы
5. Құқық нормасының мазмұндалу тәсілдері

Тест тапсырмалары:

1. Мемлекетпен танылатын және қамтамасыз етілетін, қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, жалпыға бірдей міндетті әрекет тәртібі:

- A) құқық
- B) құқық нормасы
- C) құқықтық әрекет
- D) құқықтық сана
- E) құқықтық мәдениет

2. Құқық нормасының құрылымдық элементтері:

- A) гипотеза
- B) диспозиция
- C) интерпретация
- D) инаугурация
- E) дистрактор
- F) санкция

3. Реттеуші нормалардың түрлері:

- A) қылмыстық-құқықтық норма
- B) өкілдік беруші норма

- C) азаматтық-құқықтық норма
- D) міндеттеуші норма
- E) дефинитивті норма
- F) декларативті норма
- G) тыйым салушы норма
- H) диспозитивті норма

4. Диспозиция:

A) құқықтық норманың нұсқауларында көрсетілген талаптардың бұзылған жағдайында қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеуді көрсететін құқық нормасының құрылымдық бөлігі

B) құқық нормасының әрекет ету шартын көрсететін құқық нормасының құрылымдық элементі

C) құқықтық қатынастарға қатысушылардың нақты құқықтары мен міндеттері көрсетілген құқық нормасының құрылымдық бөлігі

D) құқық нормалары мазмұндалған құқықшығармашылық актісі

E) заңдық күшіне негізделген мемлекеттің биліктік нұсқауларының жиынтықтық субординациялық байланысы

5. Құқық нормаларының мазмұндалу тәсілдері:

A) талдау

B) синтез

C) жүйелік

D) тікелей

E) сілтемелі

F) бланкеттік

Дұрыс жауаптар кілті: 1.B; 2.ABF; 3.BDG; 4.C; 5.DEF.

5 - тақырып. Заңдық факт, құқықтық қатынас – құқықтық реттеудің негізгі элементтері

1. Заңдық факт құқықтық реттеу механизмін іске қосу тетігі

2. Заңдық факт негізінде туындайтын құқықтық қатынас
3. Құқықтық қатынастың құрылымы, мазмұны
4. Құқықтық қатынастың субъектілері
5. Құқықтық қатынастың объектілері
6. Құқықтық қатынас түрлері

1. Заңдық факт құқықтық реттеу механизмін іске қосу тетігі ролін атқарады. Заңдық факт немесе заңдық құрам пайда болған кезде «мүлгіп жатқан» құқық нормалары тіріледі және құқықтық реттеу механизмі қозғалысқа келтіріледі.

Заңдық факт деп құқық нормасы құқықтық қатынастардың пайда болуын, өзгеруін немесе тоқтатылуын байланыстыратын өмірлік нақты мән-жайларды айтамыз. Заңдық фактілер құқықтық қатынастардың алғы шарты болып табылады. Олардың моделі заңдық норманың гипотезасында тіркеледі. Заңды фактілерді де әр түрлі негізде жіктеуге болады.

Туындайтын нәтижелерінің сипатына байланысты:

- құқық қалыптастырушы;
- құқық өзгертуші;
- құқықты тоқтатушы болып бөлінеді.

Құқықтық қатынасқа қатысушылардың еркіне байланысты:

- оқиға;
- әрекет болып бөлінеді.

Оқиға құқықтық қатынастың пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әсер ететін, адамдардың еркінен тыс өтетін заңдық факт. Оған баланың туылуы, төтенше оқиғалар т.б. жатады.

Әрекет құқықтық қатынасқа түсуші субъектінің еркіне байланысты болады да екіге бөлінеді: құқықтық және құқыққа қарсы. Құқықтық әрекеттің өзі екіге бөлінеді: заңдық актілер және заңдық әрекет. Заңдық акт белгілі бір заңдық нәтижелерге жетуге бағытталған әрекет. Заңдық әрекет жанның ой-пиғылынан тыс заңдық нәтижелердің пайда болуына әкелетін әрекеттер.

Құқыққа қарсы әрекеттер қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, тәртіпшілік болады. Кейде құқықтық қатынастың пайда

болуына, өзгеруіне немесе жойылуына бір факті аздық етеді, бұндайда заңдық құрам әрекет етеді. **Заңдық құрам – белгілі бір заңдық салдардың туындауына қажетті заңдық фактілердің жиынтығы.**

2. Құқықтық реттеу механизмінің әрекет етуінің белді мүшесі құқықтық қатынас болып табылады.

Құқықтық қатынас - қатысушылардың субъективті құқықтары мен заңды міндеттері болатын, құқық нормалары мен заңда көрсетілген фактілерге сәйкес туындайтын, ерік-ықтиярды білдіретін қоғамдық қатынастар.

Құқық нормасы құқықтық реттеудің статикалық жағдайын білдіретін болса, құқықтық қатынас оның динамикалық, яғни қозғалыстағы жағдайын көрсетеді. Құқықтық қатынас абстрактілі құқықтық нормаларды жекеленген байланыстар, яғни белгілі бір субъектілер үшін субъективті құқықтар мен заңды міндеттер деңгейіне аударуға мүмкіндік береді.

Құқықтық қатынастардың **белгілері:**

- әлеуметтік субъектілер арасындағы екі жақты нақты байланысты көрсететін қоғамдық қатынас;
- құқық нормасы негізінде пайда болады (құқық нормасының жалпы талаптары нақты субъектіге және оның жағдайына байланысты дербестенеді);
- адамдар арасындағы субъективті құқықтар мен заңды міндеттер көмегімен жүзеге асырылатын байланыс;
- ерікті қатынастар болып табылады, себебі оның пайда болуына қатысушылардың ең болмаса біреуінің еркі қажет;
- қатынас белгілі бір объектінің, құндылықтың төңірегінде жүргізіледі;
- мемлекеттің мәжбүр ету күшімен қорғалатын және қамтамасыз етілетін қатынас.

Құқықтық қатынастардың нышандары:

Бірінші - құқықтық қатынастар тек нормативтік актілер арқылы реттеліп отыратын қарым-қатынастарды біріктіреді. Нормативтік актілерде қатынастың мазмұны, субъектілердің құқықтары мен міндеттері, дұрыс орындалмаса

жауапкершіліктің түрлері көрсетіледі. Құқықтық қатынастар арқылы нормативтік актілер іске асады, орындалады.

Екінші - қатынастың субъектілерінің екі жақты құқықтары мен міндеттерінің толық көрсетілуі. Бір жағының құқығы екінші жағының міндеттеріне сәйкес, тең келеді. Субъектілердің бостандығы тең болады.

Үшінші — субъектілер өз әрекеттерімен, өз мүдде-мақсаттарын іске асыру үшін құқықтық қатынас жасайды.

Төртінші — егер қатынаста нормативтік актінің мазмұны бұзылса немесе субъектілер өз міндеттерін дұрыс, толық орындамаса, мемлекеттің қатынасуымен бұл кемшіліктер түзетіліп, жауапкершіліктің түрін анықтауға тиіс.

3. Құқықтық қатынас күрделі құрамға ие. Оның құрамының элементтері қатарына мыналар жатады:

- субъект;
- объект;
- субъективті құқық және заңды міндет (заңдық мазмұн).

Құқықтық қатынас құрамының заңды мазмұнына толығырақ тоқталайық.

Қоғамдық қатынастар құқықтық қатынастың материалдық мазмұнын құрайтын болса, субъективті құқықтар мен заңды міндеттер оның заңды мазмұнын білдіреді. Құқықтар мен міндеттер арқылы құқықтық қатынасқа қатысушылардың заңды байланысы жүзеге асырылады.

Субъективті құқық – субъектіге жеке мүддесін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін заңды мүмкін болатын әрекет мөлшері. Оның негізгі ролі, маңызы субъектіге өз мүддесін қанағаттандыруға, белгілі бір құндылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік беру болып табылады. Субъективті құқықтың құрылымы:

- өкілді жанның белгілі бір әрекетке мүмкіндігі;
- міндетті жаннан әрекеттің белгілі бір түрін талап ету мүмкіндігі;
- құқығын қорғау үшін күзретті мемлекеттік органға қайырылу мүмкіндігі;
- белгілі бір әлеуметтік құндылықты пайдалану мүмкіндігі.

Заңды міндет дегеніміз өкілді жанның мүддесін қанағаттандыру үшін тағайындалған заңды қажетті әрекет өлшемі. Міндеттілік субъективті құқықты жүзеге асыру кепілі. Заңды міндеттілік құрылымына мыналар кіреді:

- белгілі бір әрекеттерді жасау немесе олардан бас тарту міндеті;

- өкілді жанның талаптарына бет бұру қажеттілігі;

- аталған талаптарды орындамаған жағдайда заңды жауапкершілікке тарту қажеттілігі;

- контрагенттердің құндылықтарды пайдалану құқығына кедергі келтірмеу.

Субъективті құқықтар мен заңды міндеттер арасында айырмашылықтар бар:

1) егер субъективті құқық өз мүддесін қанағаттандыруға бағытталса, заңды міндет өзгенің мүддесін қанағаттандыруға бағытталады;

2) субъективті құқық мүмкін болатын әрекет мөлшері болса, заңды міндет тиісті әрекет мөлшерін көрсетеді;

Деген күннің өзінде субъективті құқық пен заңды міндет ара жігі заңнамада нақты анықталуға тиісті.

4. Құқықтық қатынас субъектілері - құқықтарға және айқындалған міндеттерге ие болатын құқықтық қатынасқа қатысушылар. Құқықтық қатынас субъектілері өзінің құқық, әрекет қабілеттілігін пайдаланған құқық субъектісі. Құқық субъектісі деп заңдық нормалар негізінде жеке құқықтық қатынастарға түсетін, жеке құқықтар мен заңды міндеттерге ие болатын жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларды айтамыз. Құқықтық қатынас субъектілері екі топқа жіктеледі: *жеке субъектілер* және *ұжымдық* субъектілер. Жеке субъектілерге мыналар жатады: азаматтар; қос азаматтылығы бар адамдар; азаматтығы жоқ адамдар; шет ел азаматтары.

Ұжымдық субъектілерге мыналар жатады: мемлекет; мемлекеттік ұйымдар; мемлекеттік емес ұйымдар.

Жеке құқықтық қатынастар аймағындағы ұжымдық субъектілер заңды тұлға белгісіне ие. Заңды ұйым деп меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлкімен өз міндеттемелері бойынша жауап

беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйымды айтамыз.

Құқықтық қатынас субъектілері мәселесін көтергенде, құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілікке ерекше тоқталу қажет. **Құқық қабілеттілік – азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті.** Құқық қабілеттілік адамға тумысынан беріледі, өлгенде жойылады. Кейбір жағдайда анасының құрсағындағы тіршілік белгісін берген балалардың да құқыққа қабілеттілігі танылады. Мысалы, мұрагерлік құқықта.

Әрекет қабілеттілік құқық субъектілерінің өз әрекетімен құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі. Әрекет қабілеттілік субъектінің психикалық және жастық қасиеттеріне байланысты болады. Қазақстан Республикасында толық әрекет қабілеттілік 18 жастан бастап танылады. Әрекет қабілеттіліктің бірнеше түрі кездеседі:

- толық әрекет қабілеттілік (18 жастан басталады);
- жартылай әрекет қабілеттілік (14 пен 18 жас аралығында);
- шектелген әрекет қабілеттілік (ішімдікке немесе нашакорлыққа салынуына байланысты өзін немесе отбасын ауыр материалдық жағдайға әкелетін болса, жақын туыстарының өтінішімен немесе прокурордың талабымен 18-ден асқан азаматтың сот арқылы әрекет қабілеттілігі шектеледі);
- әрекет қабілеттілігінің болмауы. Жүйке ауруларымен ауруына байланысты кәмелетке толған субъект өз әрекетіне жауап бере алмайтын жағдайда болса, сот органының шешімімен әрекет қабілетсіз деп танылады.

Қазіргі кезде азаматтық құқықта 16 жасқа толған жасөспірімдерді еңбек шарты бойынша еңбек ететін болса немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса, ата-анасының не болмаса қамқоршыларының келісімімен, толық әрекет қабілетті деп сот арқылы тануға рұқсат етіледі.

Құқық субъектілік – мемлекетпен танылған құқық, құқықтық қатынас субъектісі болу қабілеті (құқық

қабілеттілік пен әрекет қабілеттіліктің бірлігі). Ұжымдық субъектілер құқықсубъектілікке ие болады.

5. Құқықтық қатынас объектісі құқықтық қатынастың пайда болуына, өмір сүруіне негіз болатын құбылыстар. Құқықтық қатынастың объектісі - құқықтық қатынасқа түсуші субъектінің жеке құқықтары мен заңды міндеттерін жүзеге асыру арқылы өз қажеттіліктерін (рухани, мүлктік, әлеуметтік игіліктер) мүдделерін қанағаттандыру.

Құқықтық қатынастың пәні - материалдық немесе рухани құндылықтар, сондай-ақ құқықтық қатынастың пайда болуына себеп болатын адам әрекеті.

Құқық теориясында объектіні түсінудің екі түрлі жағы танылған:

- құқықтық қатынастың объектісі болып тек адам әрекеті танылады (монистік теория);

- құқықтық қатынастың объектілері сан қырлы (плюралистік теория).

Көптеген ғалымдармен қорғалатын плюралистік теорияға сәйкес құқықтық қатынас объектілеріне:

- 1) материалдық құндылықтар (мүлік, зат, құндылықтар);
- 2) материалдық емес құндылықтар (адам өмірі, денсаулығы, намысы, ар-ұяты);
- 3) рухани шығармашылық туындылары (әдебиет, өнер, музыка туындылары, ғылыми жаңалықтар және т.б.);
- 4) құқықтық қатынасқа қатысушылардың әрекетінің нәтижесі;
- 5) бағалы қағаздар мен құжаттар жатқызылады.

Материалдық құндылықтар – зат-мүлік, асыл заттар, ақша және т.б. Олар азаматтық-құқықтық қатынастарға тән болады. Мысалы, сатып алу-сату шартының объектісі ақша және сатылатын зат болса, қарыздың объектісі ақша немесе тектік сипатымен анықталынатын зат болып табылады. Кейде материалдық құндылықтар өзге құқық саласының да объектісі болады. Мысалы, қылмыстық құқықта қорғау объектісі болуы мүмкін.

Материалдық емес құндылықтарға адам өмірі, денсаулығы, ар-ұяты, намысы, оның бостандығы және қауіпсіздігі, тұлғасына

колсұғылмаушылық, құрметті атақтары және сол сияқты құндылықтар жатады. Олар қылмыстық құқықта қорғау объектісі болады, еңбектік, процессуалдық құқық салаларында әрекет етеді.

Мәдени құндылықтар және адам еңбегінің материалдық емес нәтижелеріне адамдардың рухани шығармашылығының, әлеуметтік және тұрмыстық қызмет көрсетудің нәтижелері жатады.

Құжаттар – төлқұжат, диплом, куәлік, тергеу әрекетінің хаттамалары, әкімшілік хаттамалар жатады. Олар әкімшілік және процессуалдық құқықтық қатынастарға тән.

Құқықтық қатынас объектілерінің ішінде адам әрекеті, мінез-құлқы ерекше орын алады. Олар процессуалдық және азаматтық-құқықтық қатынастардың объектісі болады. Мысалы, адам тасымалдау, сақтау, куәлік ету. Сонымен бірге, адам әрекеті барлық құқықтық қатынас объектісі болады.

Кез келген игілік құқық қатынастарының объектісі бола алады десек, қателесер едік, онда тек құқықтың мүмкіншілігіне қарай реттелінетіндер (мысалы, сүйіспеншілік, достық, игі-ниеттілік, кеңпейілділік, т.б. құқықпен реттелінбейді, т.б. бұлар құқықпен реттелінуге жатпайды.

6. Құқықтық қатынастар әртүрлі негіздер бойынша топтастырылады. Құқықтық реттеу пәніне байланысты құқықтық қатынастар конституциялық құқықтық қатынастар, азаматтық құқықтық қатынастар, қылмыстық құқықтық қатынастар, экологиялық құқықтық қатынастар, әкімшілік құқықтық қатынастар, еңбектік құқықтық қатынастар және т.б. болып бөлінеді.

Сипатына байланысты материалдық және процессуалдық болып бөлінеді. Функционалдық роліне байланысты реттеуші (құқық нормасы немесе шарт негізінде пайда болады) және қорғаушы (мемлекеттік мәжбүр ету мен заңды жауапкершілікті жүзеге асырумен байланысты) болып екіге бөлінеді.

Занды міндеттерінің табиғатына байланысты құқықтық қатынастар белсенді және бәсең болып жіктеледі.

Қатысушыларының құрамына байланысты құқықтық қатынастар қарапайым және күрделі болып ажыратылады.

Қарапайым құқықтық қатынас екі субъектінің арасында жүзеге асады. Мысалы, сатып алу - сату шарты. Ал күрделі құқықтық қатынастар бірнеше субъектінің арасында жүзеге асады. Мысалы, қылмыстық жазаны өтеу.

Құқықтық қатынастар әрекет ету мерзіміне байланысты қысқа мерзімді (айырбас) және ұзақ мерзімді (азаматтық) болып бөлінеді.

Жақтардың анықталу дәрежесіне байланысты салыстырмалы, абсолютті және жалпы құқықтық қатынастар болып бөлінеді.

Салыстырмалы құқықтық қатынас деп екі тарап та дербес және нақты анықталған және бір-біріне қатысты құқықтар мен міндеттердің иесі болып табылатын құқықтық қатынастың бір түрін айтамыз. Абсолютті құқықтық қатынас - субъективті құқық иесі ғана нақты анықталған, өзге субъектілердің барлығына оның субъективті құқығын бұзбау міндеті жүктелген құқықтық қатынастың түрі.

Жалпы құқықтық қатынастар жеке тұлға мен мемлекет арасындағы құқықтық қатынасты туындататын заңдардан бастау алатын қатынастың бір түрі. Нақты құқықтық қатынастар заңдық фактінің негізінде пайда болатын жеке тұлғалардың өзара немесе белгілі бір ұйыммен, мекемемен қарым-қатынасын реттейтін құқықтық қатынастың бір түрі.

Бақылау сұрақтары:

1. Заңдық факт құқықтық реттеу механизмін іске қосу тетігі
2. Заңдық факт негізінде туындайтын құқықтық қатынас
3. Құқықтық қатынастың құрылымы
4. Құқықтық қатынастың мазмұны
5. Құқықтық қатынастың субъектілері
6. Құқықтық қатынастың объектілері
7. Құқықтық қатынас түрлері

Тест тапсырмалары:

1. Заңдық фактілер:
 - А) құқықтың қоғамдық қатынастарға, адамдардың әрекетіне әсер етуінің негізгі бағыттары

- В) әрекетте құқықтық нұсқаулардың көрініс табуы
- С) тараптардың өзара құқықтары мен міндеттерінің нақты мазмұнын анықтайтын құқықтық нормалар
- Д) құқық нормасы құқықтық қатынастардың пайда болуын, өзгеруін, тоқталуын байланыстыратын нақты өмірлік мән-жайлар
- Е) құқықтық салдар туғызатын, яғни заң нормасының әрекетін туғызатын немесе тоқтататын шынайы өмірлік оқиғалар

2. Заңдық фактілер туындайтын нәтижелерінің сипатына байланысты бөлінеді:

- А) оқиға
- В) әрекет
- С) құқықтық әрекет
- Д) құқыққа қарсы әрекет
- Е) құқық қалыптастырушы
- Ғ) құқық өзгертуші
- Г) құқық тоқтатушы

3. Оқиға:

- А) құқықтық нормалардың ұйғарымдарына сәйкес жүзеге асырылатын заңды фактілер
- В) құқық нормасы құқықтық қатынастардың пайда болуын, өзгеруін байланыстыратын өмірлік нақты мән-жайлар
- С) адамның еркінен тәуелсіз өтетін заңды фактілер
- Д) құқықтық салдарға жетуге бағытталған адамдардың фактілі мінез-құлқы
- Е) құқықтық қатынастың пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әсер ететін, адамдардың еркінен тыс заңдық факт
- Ғ) құқықтық қатынастардың қатысушыларының әрекеті немесе әрекетсіздігі
- Г) құқықтық қатынастар субъектілерінің еркінен тыс жүзеге асырылатын заңды фактілер
- Н) құқықтық қатынастардың тараптарының еріктеріне байланысты жүзеге асырылатын заңды фактілер

4. Құқықтық қатынас құрамы:

- А) объект

- В) субъект
- С) заңды мазмұн
- Д) субъективті жақ
- Е) объективті жақ

5. Құқықтық қатынас түрлері:

- А) конституциялық-құқықтық, азаматтық-құқықтық
- В) қорғаушы және реттеуші
- С) императивті және диспозитивті
- Д) міндеттеуші, рұқсат етуші, тыйым салушы
- Е) материалдық және процессуалдық
- Ғ) белсенді және бәсең

Дұрыс жауаптар кілті: 1.Д; 2.ЕҒГ; 3.СЕГ; 4.АВС; 5.АДФ.

6 - тақырып. Құқық нормаларын қолдану актілері және олардың құқықтық реттеу механизміндегі маңызы

- 1. Құқықты іске асыру түсінігі, әдістері
- 2. Құқықты іске асырудың жәй нысандары: сақтау, орындау, пайдалану
- 3. Құқық қолдану – құқықты іске асырудың ерекше нысаны
- 4. Құқық қолдану актісінің құқықтық реттеу механизміндегі ролі

1. Құқықтық қоғамда халық бір жағынан, ал мемлекет екінші жағынан өз тарапынан құқық нормаларының талаптарын орындауға міндеттеме алады. Осы тұрғыдан алғанда, құқықты жүзеге асыру мәселесі екі жақты сипатқа ие болады және оны қарастыру екі бағытта жүргізіледі. Бірінші бағыты мемлекет органдары мен лауазымды тұлғалардың тарапынан құқыққа мойынсұнумен анықталса, екінші бағыт азаматтар мен олардың ұйымдары мен бірлестіктері әрекетінде құқықты іске асырумен ерекшеленеді. Мемлекеттің құқықты іске асыруының бастапқы нысаны заң шығарумен байланысты. Ол арқылы қоғамдық

қатынастарда мазмұндалатын жағдайына байланысты - объективті және орын мен уақыт шартына байланысты - табиғи, заттардың табиғатынан туындайтын талаптарды іске асырады. Заңға бағынышты нормативтік актілерде заңда көрініс тапқан құқық нақтыландырыла түсу арқылы іске асырылады. Кейде заңға бағынышты актілерде бастапқы құқық нормаларын бекіту әрекеттеріне де куә болудамыз. Бұл, әрине, құқықты мемлекетте құқық қалыптастыру тиімді ұйымдастырылған парламенттің жетік әрекетінің барысында ғана болуы мүмкін деп табылғандықтан, тыйым салынуға тиісті әрекет екендігі талассыз. Англосаксондық құқықтық жүйе елдерінде құқықты нақтыландыра түсумен соттардың да айналысатыны белгілі. Біздің мемлекетімізде билікті жіктеу қағидасының талаптарына сәйкес, соттардың құқықты іске асыруының басты нысаны ретінде құқық қолдану танылғаны да мәлім.

Құқықты азаматтар тарапынан іске асыру мәселесіне тоқталатын болсақ, олардың жоғарыда аталған нысандарға белгілі бір дәрежеде қатысатындығын атап өтпеуге болмайды. Мысалы, референдум арқылы заң қабылдау немесе заң көлемінде келісім шарттарын нақтыландыра түсу және тағы басқалар. Дегенмен де, азаматтарға басым түрде нормативті актілерде көрсетілген заң шығарушының еркін жүзеге асыру тән болады.

Қазіргі таңда, көбінесе, объективті мағынадағы құқықты іске асыру туралы көп сөз болады, бірақ нақты құқықтық қатынастарға қатысушылардың субъективті құқықтары мен заңды міндеттерін іске асырудың да мәселелерін ұмытпаған абзал. Осы тұрғыдан алғанда, құқықты жүзеге асыру заңда көрсетілген ерікке сәйкес әрекетті білдіреді. Оны үрдіс ретінде және соңғы нәтиже ретінде де қарастыруға болады.

Соңғы нәтиже ретіндегі құқықты іске асыру белгілі бір әрекет жасау немесе одан бас тарту талабы мен нақты жасалған әрекеттер арасында толық сәйкестікке жетуді білдіреді. Құқықты іске асыру арқылы заң шығарушы мүдделі болған нәтижеге, пайдалы мақсатқа жетуге болады. Әрине мақсатқа жету құқықты іске асыру ауқымынан тыс болады, дегенмен де құқықтанушыны заң талап еткен әрекеттер қызықтырады.

Үрдіс ретіндегі құқықты іске асыру объективті және субъективті жақтарымен сипатталады. Объективті жағынан ол белгілі кезектілікпен, анықталған құралдармен және анықталған мерзімде, әрі орында құқық нормаларында көрсетілген заңды әрекеттерді жетілдіруді білдіреді. Субъективті жағынан құқықты іске асыру субъектінің жүзеге асырылатын құқықтық талаптарға қатынасымен, нұсқалынған әрекеттерді жасау сәтіндегі оның еркімен сипатталынады. Ол құқықты іске асыруға өз еркімен, мүдделілігімен баруы немесе жағымсыз салдардан қорыққандықтан баруы мүмкін. Бастысы – әрекет түріне, оны жасаудың орны мен уақыты шарттарына қойылатын талаптарды мүлтіксіз орындау болып табылады. Міндетті шарттардың біреуін бұзуға жол берілетін болса, құқықты іске асыру болмаған деп саналады.

2. Құқық теориясында құқық нормаларын іске асырудың әр түрлі нысандары танылған. Құқық нормасының мазмұнымен негізделген құқықты іске асыру әрекетінің сипатына байланысты төрт нысан танылған: құқықты сақтау, орындау, пайдалану және қолдану.

Сақтау арқылы тыйым салушы нормалар жүзеге асырылады, бұл нысанның мәні – тыйым салынған әрекетті жасаудан бас тарту болып табылады. Субъектінің әрекеті пәстігімен айқындалады немесе қазақшаласақ «сен тимесен, мен тимен» қағидасына сүйенеді деуге болады.

Орындау, керісінше, субъектіден міндеттеуші құқықтық нұсқауларды жүзеге асырумен байланысты болатын белсенді әрекеттерді талап ететін жүзеге асыру нысаны болып табылады. Бұнда субъект өзіне жүктелген белсенді әрекетке деген міндеттілікті атқарады.

Құқықты пайдалану субъектінің өкілеттілігін жүзеге асыруға бағытталған, сондықтан да бұнда оның ерік-жігеріне байланысты белсенді мінез-құлық та, пәс әрекет те жасалуы мүмкін. Құқықты пайдалану - рұқсат беруші нормалардан бастау алатын мүмкіндіктерді іске асырудан көрінетін құқықты жүзеге асыру нысаны. Ол азаматтардың құқықтарын қорғауы, меншік объектілеріне заңдық жарлық ету құқығы, сайлау құқығын пайдалануы түрінде кездеседі.

Расын айтқанда, құқықты іске асыру туралы оны орындауға қатысты ғана айту жөн. Бұнда өзге құқықтық құралдармен бірге кепілдендірілген нәтижелерге жетуді қамтамасыз ететін заңдық нормаларда танымал әрекет тәртібі қалыптастырылады, олар соңынан нақты, тікелей мағынасында фактілі қатынастарға ауысуға, яғни өмірде іске асырылуға тиісті. Ал өзге екі құқық нысанының әрекеті, әсіресе жеке құқық аймағындағы әрекеті нақтыландыра түсуді қажет етеді. Алдымен көрсетілген құқықты іске асырудың екі нысаны бірлікте, үйлестікте және реттеу типіне бағыныштылықта қарастырылуы қажет. Өйткені, пайдалану барысында әрқашанда сақтау да орын алады: жалпы мүмкіндік беруші реттеуде – нақты тыйым салынған нормаларды бұзбау түрінде, рұқсат беруші реттеуде – субъективті құқықпен шектелінген шекарадағы әрекеттерге қатаң мойын сұну, оның көлемінен шығатын әрекеттерге бармау түрінде көрінеді. Бастысы бұнда емес. Жоғарыда аталған реттеудің екі типінде де өкілді субъект белсенді әрекет етеді. Осы белсенді әрекетті шартты түрде ғана құқықта бекітілген «іске асыру» ретінде айтуға болады. Ал шын мәнінде бұндағы субъектілердің белсенді әрекеті әлеуметтік өмірдің объективті қажеттіліктеріне негізделген материалдық, саяси, рухани және өзге де мүдделерді тікелей іске асырудың нәтижесі болып табылады. Тиісті заңдық нормалардың - өкілеттік беруші және тыйым салушы - жүзеге асырылуы типтік конструкциялар, жалпы және абсолютті құқықтық қатынастар түрінде жасалынады, субъектілер әлеуметтік қажеттіліктермен талап етілген белсенді әрекеттерін соған сәйкестендіреді.

Бұндай көзқарастар құқықты іске асырудың бір үлгісі - құқықтық нормаларды орындауға қатысты алғанда белгілі бір дәрежеде әділетті де. Ол, көбінесе, мемлекеттік билік әрекетіне, одан шығатын нұсқаулар мен ол бекітетін позитивтік міндеттерге тән болады да, құқықтық нысандарды мемлекеттік билік органдарының көзқарасы бойынша «еркін» пайдалануға мүмкіндік береді.

Құқықтық жүйенің тереңіне бойлайтын пайдалану және сақтау тәріздес құқықты іске асыру нысандарына жүгінсек, алдымен анықталған тұжырым дәлелдене түседі. Бұл тұрғыда,

құқық реттеуші және тиімді қорғаушы әлеуметтік механизм ретінде көрінеді. Ол жоғарғы деңгейдегі ұйымдастырушылыққа сүйене отырып, экономикалық, жалпы әлеуметтік заңдылықтардың қызметін көрсететін құқықтық әрекет жасауға барынша мүмкіндік беріп, оны кепілдендіруі қажет. Оның қызметі адам, олардың ұжымы әрекетін, қажеттіліктері мен мүддесін экономикалық, жалпы әлеуметтік, соның ішінде психологиялық көтермелеудің, реттеудің барлық жүйесімен терең, біртұтас өзара байланыс пен өзара әрекеттестікте болуымен сипатталады. Міне, осы тұрғыда құқықтық нысанды дамытудың, оның мүмкіндіктері мен қорларын пайдаланудың, құқықтың ролін қоғамдағы әлеуметтік, материалдық, рухани және өзге реттеушілер кешенімен үйлестіре отырып көтерудің анық жолы көрінеді. Құқыққа осындай көзқарас оған қарапайымдатылған түсінік беру мен оның ролін жөнсіз көтеру тәріздес әрекеттердің алдын алып, қоғам өміріндегі құқықтың шынайы құндылығын ашуға, оның әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі заңды ролін анықтауға мүмкіндік береді.

3. Құқық қолдану – құқықты жүзеге асырудың ерекше нысаны. Құқықтық реттеу үрдісіне оның соңғы сатысында, ал кейбір жағдайларда құқықтық қатынастар пайда болған кезде құқықты қолдану қосылады. **Құқық қолдану - күзiреттi органдардың нақты өмiрлiк жағдайларға қатысты құқық нормаларын жүзеге асыруындағы мемлекеттік-биліктік ұйымдастырушы әрекеті.** Құқық қолдану құқық шығармашылықтан кейінгі екінші маңызды, құқықтық реттеуге мәнді ықпалы бар фактор. Құқық шығармашылық органдары құқықтық жүйеге қоғамдық қатынастарға қатысушылардың мінез-құлқының жалпы бағдарламаларын енгізсе, құқық қолдану органдары басталған реттеуді әрі қарай қағып алып кетіп, заңдық нормаларды өмірге енгізуді қамтамасыз етеді.

Құқық қолдануды туындататын жағдайлар ішінде құқықтық қатынастардың пайда болуымен байланысты түрлері де бар. Бірақ, басым түрде құқық қолдануды анықтайтын жағдайлар оның басты функциясын – құқықтық реттеу үрдісінде мемлекеттік-биліктік қамтамасыз етілу әрекетінің қажеттілігін көрсетеді. Ал, бұл жағдайлар өз сипатына байланысты құқықтық

реттеу үрдісінде мемлекеттік мәжбүрлеуді пайдалануды талап етеді. Жалпы алғанда, тарих мемлекеттік бұйырымдарды жүзеге асыруға адам еркін көндірудің екі негізгі құралын таниды: ол марапаттауға уәде ету және белгілі бір құндылықтардан айырумен қорқытып, мәжбүрлеу.

Құқықтық мемлекетте жазалаушы және мәжбүр етуші шаралардың аймағы мен көлемі күрт өзгереді де, құқықтық нұсқаулардың «өзін-өзі қамтамасыз етуіне» мүмкіндіктер ашылады.

Құқық қолданудың ерекше *белгілері*:

- құзіретті мемлекеттік органдармен қолданылады;
- биліктік сипаты болады;
- сатылардан тұрады: істің фактілі және заңды негізін табу, шешім қабылдау;
- тиісті жеке биліктік акт қабылдаумен байланысты болады.

Құқық қолдану – бірнеше кезең көлемінде жасалынатын күрделі әрекет. Құқық қолдану үрдісінің үш сатысы болады. Бірінші сатысында – *істің фактілі негізін табу* барысында іс бойынша объективті шындық анықталынады. Онда нақты іске қатысы бар барлық мәлімет жинақталып, талданады. Екінші сатысында – *істің заңдық негізін табу* – құқық қолданушы тиісті қоғамдық қатынасты реттейтін құқық саласын, институтын, нормасын анықтайды. Құқық нормасы мәтінін тексереді, оның кеңістіктегі, уақыт аралығындағы, адамдар арасындағы әрекеті көлемін анықтайды да, іске заңдық баға береді. Үшінші сатыда *шешім шығарылады* және құқық қолдану актісі жасалынады. Құқық қолдану актісі – құзіретті органның құқықтар мен заңды міндеттердің бар-жоқтығын және тиісті норманың негізінде олардың мөлшерін анықтау мақсатымен жасалатын мемлекеттік-өкілді жеке анықталған актісі.

Құқықтың мақсаты адамдардың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандырумен анықталады. Сондықтан да, мемлекеттік ерікті құқықты жүзеге асыру субъектілерінің еркімен сәйкестендірудің мән-мағынасы өте зор.

4. Құқық қолдану актісін қабылдау құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға

кепілдік беретін құзыретті органдардың биліктік өкілеттілігі болып табылады. Бұл жағдайда құқық қолдану актісі құқықтық реттеу механизмінің соңғы звеносы болып табылады, нәтижесінде құқық субъектісі белгілі бір мақсатқа жетеді. Құқық қолдану актісіне сәйкес, жаңа құқықтық қатынастар туындайды (бұл жағдайда құқық қолдану актісі заңдық факт ролін атқарады) және құқықтық реттеу механизмі қайта жанданады, бірақ оның мазмұны басқаша болады.

Құқық қолдану актісі – құзіретті субъектінің құқықтар мен заңды міндеттердің бар-жоқтығын және тиісті норманың негізінде олардың мөлшерін анықтау мақсатымен жасалатын мемлекеттік-өкілді жеке анықталған актісі.

Құқық қолдану актісін әртүрлі негіздер бойынша жіктеуге болады. Құқық қолдану актісі нысаны бойынша жарлық, үкім, шешім, бұйрық және т.б. болып бөлінеді.

Қабылдаушы субъектілеріне байланысты мемлекеттік органдардың актілері және мемлекеттік емес (муниципалды) органдардың актілері болып жіктеледі.

Құқық функциясына байланысты реттеуші және қорғаушы актілер болады.

Заңдық табиғатына байланысты негізгі және көмекші актілер болады.

Құқықтық реттеу пәніне байланысты – қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, отбасы-құқықтық т.б. болады.

Сипатына байланысты материалдық және процессуалдық актілер болады.

Нормативті-құқықтық актілер мен құқық қолдану актілерінің ұқсастықтары мен өздеріне тән айырмашылықтары бар. Олардың ортақ белгілеріне мыналар жатады:

- екеуі де құқықтық актілер;
- олар құзіретті мемлекеттік органдармен қабылданады және қамтамасыз етіледі;
- сипаты бойынша биліктік болып табылады.

Нормативті актіге қарағанда құқық қолдану актісі:

- нормативті акті негізінде шығарылады;
- нормативті актіде мазмұндалған құқық нормаларын нақты жағдайларға, қатынастарға қатысты нақтыландырады;

- жекеленген (индивидуалды-анықталған) сипаты бар;
- құқық нысаны болып табылмайды және бір мәрте қолдануға ғана арналған;
- қабылдау субъектілері биліктік өкілеттіліктері бар арнаулы топтағы лауазымды тұлғалар болып табылады;
- тиісті қоғамдық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына негіз болатын заңдық факт қызметін атқарады.

Бақылау сұрақтары:

1. Құқықты іске асыру түсінігі, әдістері
2. Құқықты іске асырудың жәй нысандары: сақтау, орындау, пайдалану
3. Құқық қолдану – құқықты іске асырудың ерекше нысаны
4. Құқық қолдану актісінің құқықтық реттеу механизміндегі ролі
5. Нормативті-құқықтық актілер мен құқық қолдану актілерінің өзара байланысы

Тест тапсырмалары:

1. Құқықты жүзеге асыру белгілері:
 - A) әлеуметтік нормаларға сәйкестік
 - B) құқық және әлеуметтік нормалар талаптарына сәйкестік
 - C) мораль нормаларына сәйкестік, әлеуметтік пайдалылық
 - D) халыққа пайдалылық, мәжбүрлеу күші
 - E) құқыққа сәйкестік
 - F) еріктік сипат
 - G) нормативтілік
 - H) мемлекетпен қамтамасыз етілу
2. Құқықты жүзеге асырудың жәй нысандары:
 - A) сақтау
 - B) қолдану
 - C) пайдалану
 - D) орындау
 - E) міндет
 - F) түсіндіру

3. Құқық қолдану актісі:

- A) нақты заңдық істі шешу нәтижесінде құзыретті органмен шығарылған, жеке биліктік нұсқау мазмұндалған құқықтық акт
- B) белгіленген құрылымға ие болатын құқықтық акт
- C) белгіленген нысанға ие болатын құқықтық акт
- D) жеке нұсқау мазмұндалған құқықтық акт
- E) белгіленген функцияларға ие болатын құқықтық акт

4. Құқық қолдану актілері нысаны бойынша бөлінеді:

- A) заңға бағынышты акт
- B) үкім
- C) жарғы
- D) заңдық күші бар жарлық
- E) шешім
- F) заң
- G) конституциялық заң
- H) бұйрық

5. Құқық қолдану актілерінің міндетті элементтері:

- A) жалпы бөлім
- B) ерекше бөлім
- C) кіріспе бөлім
- D) сұрыптау бөлімі
- E) дәлелдеу бөлімі
- F) қорытынды бөлім

Дұрыс жауаптар кілті: 1.EFH; 2.ACD; 3.A; 4.BEH; 5.CEF.

7 - тақырып. Құқықтық реттеу механизміндегі құқықтық ынталандыру мен шектеулер

1. Құқықтық ынталандыру түсінігі, белгілері және түрлері
2. Құқықтық шектеу түсінігі, түрлері
3. Құқықтық жеңілдіктер ұғымы, белгілері және мақсаты

4. Құқықтағы артықшылықтар мен иммунитеттер

1. Құқықтық құралдар ретінде құқықтық нормалар, шарттар немесе құқық қолдану актілері ғана емес, ақпараттық-психологиялық ықпал ету шаралары да танылады. Бұл шараларға субъективті құқықтар мен міндеттер, жеңілдіктер, шектеулер, көтермелеулер мен жазалар жатады. Осы шаралардың барлығы екі топты құрайды: құқықтық ынталандыру және құқықтық шектеулер.

Құқықтық ынталандыру - бұл субъектілердің жеке мүдделерін қанағаттандыруға арналған қолайлы жағдай жасау режимі, заңға құқықтық мойынсұнғыш мінез-құлқы.

Құқықтық ынталандыруды жүзеге асырудың жалпы белгілері:

1) олар тұлғаның жеке мүддесін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасаумен байланысты, демек белгілі бір құндылыққа қол жеткізуге уәде етеді, сондай-ақ кейде айыру шарасын жоюды немесе азайтады (мысалы, жазалау шарасын жою немесе азайту ол да ынталандыру);

2) құқықтық ынталандырудың бірнеше нысандары субъективті құқықтары, заңды мүдделері, жеңілдіктер, көтермелеу, бостандық сияқты мүмкіндіктерінің көлемін ұлғайтады;

3) жағымды құқықтық жігерін (мотивация) білдіреді;

4) жағымды белсенділігін арттырады;

5) оң өсуін болжайды.

6) қоғамдық байланыстарды өзгертуге бағытталған және оны дамытудың функциясын орындайды. Бұл белгілерде олардың қажеттілігі мен әлеуметтік құндылығы пайымдалады.

Құқықтық ынталандырулар әртүрлі негіздер бойынша жіктеледі:

1) құқық нормасының құрылымдық элементі бойынша – заңды факт – ынталандыру (гипотеза), субъективті құқық, заңды мүдде, жеңілдіктер (диспозиция), көтермелеу (санкция) деп бөлуге болады;

2. құқықтық реттеу пәні бойынша – конституциялық, азаматтық, қылмыстық және т.б.;

3. көлемі бойынша – негізгі (субъективті құқық), ішінара (заңды мүдде) және қосымша (жеңілдік);

4. уақыт әрекеті бойынша – тұрақты (жеке меншікке құқығы) және уақытша (бірреттік сыйақы);

5. мазмұны бойынша – материалды – құқықтық (жалақы) және моральды - құқықтық (алғыс).

Құқықтық ынталандыру – арнайы құқықтық ояту түрінде заңды тыңдаушы тәртіпке, субъектілердің меншікті мүддесін қанағаттандыруға жасалатын қолайлы жағдай режимі.

Ынталандыру ерекше құқықтық құралды белгілеу, берілген нақтылы жағдайда субъектілердің тәртібінің тиімді деңгейін көтеру және өзіне мынадай элементтерді қосып алады: құқықтық көтермелеу (ерікті еңбегі сінген тәртіпті заңмен мойындаудың нысаны және шарасы, соның нәтижесінде туады).

2. Құқықтық шектеу – тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыру үшін жағдай жасайтын, құқыққа қайшы әрекетті заңды түрде тежеу.

Құқықтық шектеулердің белгілері:

1) тұлғалардың мүдделерін жүзеге асырудағы қолайсыз жағдайларды тежеуге және қарсы тараптың мүдделерін қанағаттандыру мен қорғауға бағытталуы;

2) тұлғаның құқықтары, бостандықтары мен мүмкіндіктері көлемінің кемуі. Олар тыйым салу, міндеттеу, жазалау арқылы жүзеге асырылады;

3) теріс құқықтық жігерді (мотивация) білдіреді;

4) жағымсыз белсенділіктің көзделуі;

5) қоғамдық қатынастарды қорғауға бағытталады.

Құқықтық шектеулердің түрлері:

- құқықтық норма құрылымының элементі бойынша: заңды факт- шектеу (гипотеза), тыйым салу, заңды міндет, тоқтата тұру (диспозиция), жазалау (санкция);

- құқықтық реттеу пәні бойынша: конституциялық, қылмыстық, әкімшілік және т.б.;

- көлемі бойынша: толық (балалардың әрекет қабілеттілігін шектеу) және жартылай (14 және 18 жас аралығындағы кәмелетке толмаған балалардың әрекет қабілеттілігін шектеу);

- әрекет ету мерзімі бойынша: тұрақты (заңда бекітілген шектеулер) және уақытша (төтенше жағдай туралы актіде бекітілген шектеулер);

- мазмұны бойынша: материалдық-құқықтық және моральдық-құқықтық.

3. Құқықтық жеңілдік – бұл субъект жағдайының заңды жеңілдігі, ол өзіндік қызығушылықтарды және мүдделерді толық қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қосымша арнайы құқықтардан (артықшылықтан) міндеттерден босатылады.

Құқықтық жеңілдіктің белгілері:

1) олар субъектінің өзіндік мүдделерімен толық қанағаттанады, олардың өмір сүру жағдайының қызметімен жалпы мүдделердің қатарында міндетті түрде жүзеге асуы керек. Мұндағы мақсаттар басымдық мағыналарға ие немесе әр түрлі мүмкіндіктерді кеңейту және міндеттерден босату жеңілдіктері түрінде қарастырылады. Мысалы, төтенше жағдайлар кезінде әкімшіліктің биліктік өкілеттігінің артуы немесе шетелдіктерді әскери қызметтен босату құқықтық жеңілдік болып табылмайды, себебі олардың алдында басқа да міндеттер бар;

2) құқықтық жеңілдіктер жалпы ережеден, нормативтік талаптардан тыс болады және құқықтық саралаудың тәсілі болып табылады. Жеңілдіктер, бұл ең алдымен адамның арнайы құқықтық жағдайы, субъектілердің негізгі құқықтар мен заңды еркіндігінің қосымша механизмі;

3) құқықтық жеңілдіктер құқық шығармашылықтың демократиялық процедураларына сәйкес нормативтік актілерде бекітілген айрықша ережелер болып табылады. Жеңілдіктер әдетте құқық қолдану актілерінің емес, нормативтік актілердің көмегімен бекітіледі.

Құқықтық жеңілдіктердің басты мақсаты тұлғаның, әлеуметтік топтардың және мемлекеттің мүдделерін үйлестіруге негізделеді. Жеңілдіктер азаматтардың және қоғамның қалыпты дамуына жағдай жасай отырып, әлеуметтік мүдделерді байланыстырады.

Бір жағынан, жеңілдіктер жалпы ережелер бойынша бекітілген субъектілер үшін белгіленеді. Мұндай тұлғаларға

қандай да бір ерекшеліктер, жеңілдіктер қарастырылады. Мысалы, денсаулық жағдайы, жасы, жынысы, мамандығы және т.б.

Екінші жағынан, жеңілдіктер мемлекет пен қоғам үшін әлеуметтік пайдалы қызметті жүзеге асыратын субъектілерге беріледі. Құқықтық артықшылықтардан айырмашылығы ерекшеліктермен, заңды айырумен, нормативті акттағы компонентті органдармен демократиялық рәсімдермен шығады.

Құқықтық жеңілдіктер екі негізгі **қызметті** атқарады:

1) Өтемақылық қызмет (биологиялық және әлеуметтік себептері бойынша тең емес тұлғаларға тең мүмкіншіліктер беру);

2) Ынталандырушы қызмет (қоғамға пайдалы қызмет көрсетіп жүрген тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыру мақсатында).

4. Артықшылықтар нақты субъектілерге, билік органдары мен лауазымды тұлғаларға олардың өз міндеттерін мейлінше толық және сапалы орындауы үшін қажет арнайы айрықша сипаттағы жеңілдіктер болып табылады.

Артықшылықтардың жеңілдіктен **ерекшеліктері**:

Біріншіден, егер жеңілдіктер түрлі субъектілердің жағдайын жеңілдетсе, ал артықшылықтар саяси элитаға, билік органдары мен лауазымды тұлғаларға арналған.

Екіншіден, жеңілдіктер тұлғалардың кең қатарына таралады, ал артықшылықтар айрықша жеңілдік ретінде саны көп болуы болмайды.

Үшіншіден, жеңілдіктер субъектілердің арнайы құқықтық мәртебесін сипаттайды, себебі халықтың белгілі бір топтары көзделеді (мүгедектер, зейнеткерлер, жалғыз басты аналар, студенттер және т.б.), ал артықшылықтар арнайы құқықтық мәртебе субъектілері (депутаттар, министрлер, елшілер) үшін, жеке құқықтық мәртебе (президент) үшін де белгіленуі мүмкін.

Төртіншіден, артықшылықтар айрықша құқықтар болып табылғандықтан, жан – жақты және жеке сипатқа ие, құқықтық реттеуде жеңілдіктерден кейін орналасады. Сондықтан, жеңілдіктер мен артықшылықтар өзара «ерекше» (жеңілдіктер)

және «жеке» (артықшылықтар) санат ретінде арақатынасқа түсуі мүмкін.

Бесіншіден, жеңілдіктердің көмегімен олардың теңсіздігін «теңестіруге» болады, артықшылардың көмегімен құқықтық тұрғыдан ерекше мәртебе береді.

Артықшылықтар тиімді қызметтік міндеттерді толық, сапалы, тәуелсіз және билік етуші тұлғаларға басқару үдерісінде туындайтын шығындарды өтеу мақсатында қажет.

Құқықтық иммунитеттер - халықаралық құқық нормаларында, Конституцияда және заңдарда бекітілген тақты тұлғаларды белгілі бір міндеттер мен жауапкершіліктен босатумен байланысты ерекше жеңілдіктер мен артықшылықтар болып табылады.

Иммунитеттер, жеңілдіктер мен артықшылықтарға тән **ортақ белгілер:**

1) бұлардың барлығы ерекше құқықтық режимді қалыптастырады, субъектілердің жағдайын жеңілдетеді, қандай да бір мүдделерді қанағаттандыруға мүмкіндіктер береді;

2) оң құқықтық мотивацияны білдіретін құқық көтермелеуші құралдар болып табылады;

3) қандай да бір міндеттерді жүзеге асыруға шақырады және әлеуметтік пайдалы қызметке кепілдік береді;

4) жекелеген тұлғалар үшін бекітілген құқыққа сай айрықша ережелер болып табылады;

5) әлеуметтік байланыстарды құқықтық тұрғыдан ретке келтіретін, саралаудың көрініс табу нысандары болып табылады.

Иммунитеттерге тән **айрықша белгілер:**

1) иммунитеттер теріс жеңілдіктерден көрініс табады (жекелеген міндеттерді орындаудан босату – салық, баж төлеуден босату, куәгер иммунитеті, жауапкершіліктен босату және т.б.);

2) иммунитеттердің мақсаты халықаралық, мемлекеттік және қоғамдық функцияларды, ресми міндеттерді орындауды қамтамасыз етеді;

3) құқықтық иммунитет абсолютті сипатты иеленбеуі тиіс. Бірқатар жағдайларда алынып тасталуы, шектелуі немесе бас тартуы мүмкін.

4) иммунитетке ие тұлғалардың шеңбері нормативтік құқықтық актілерде нақты анықталуы тиіс.

Иммунитетке ие тұлғалар: Президент, депутаттар, дипломатиялық және консулдық корпус, соттар және өзге де тұлғалар.

Бақылау сұрақтары:

1. Құқықтық ынталандыру түсінігі
2. Құқықтық шектеу түрлері мен ерекшеліктері
3. Құқықтық жеңілдіктердің мақсаты
4. Иммунитеттер, жеңілдіктер мен артықшылықтардың өзара байланысы мен арақатынасы

Тест тапсырмалары:

1. Құқықтық ынталандыру:
 - A) бұл игіліктің нақты жиынтығын нақты тұтынушының тұтынуынан алынатын қанағаттану
 - B) бұл құқық субъектілерінің мүдделерін қанағаттандыру жолындағы кедергілерді жою мақсаттарында кезекті түрде ұйымдастырылған зани құралдардың жүйесі
 - C) бұл субъектілердің жеке мүдделерін қанағаттандыруға арналған қолайлы жағдай жасау режимі, заңға құқықтық мойынсұнғыш мінез-құлқы
 - D) адамның өз мінез-құлқын қажеттілікке және оны практикалық қызметте іске асыруға сәйкес саналы таңдаудың өзіндік ерекше тәсілі
 - E) болмысымыздағы өмірімізге мән-мағына беретін заттар мен құбылыстар
2. Құқықтық шектеулердің түрлері:
 - A) толық және жартылай
 - B) шектеулі және шексіз
 - C) құқыққа сай және құқықтық сай емес
 - D) мерзімді және мерзімсіз
 - E) тұрақты және уақытша
 - F) бөлшекті және тұтас

3. Құқықтық жеңілдіктердің атқаратын қызметі:

- A) жазалаушылық
- B) ынталандырушы
- C) мәжбүрлеуші
- D) сендіруші
- E) ескертуші

4. Артықшылықтар қандай құқықтар санатына жатқызылады:

- A) жалпы құқықтар
- B) жеке құқықтар
- C) айрықша құқықтар
- D) шектеулі құқықтар
- E) азаматтық құқықтар

5. Имунитетке ие тұлғалар:

- A) соттар
- B) студенттер
- C) Президент
- D) Адам құқықтары жөніндегі уәкіл
- E) мүгедектер
- F) тергеушілер
- G) мамандар

Дұрыс жауаптар кілті: 1.C; 2.AE; 3.B; 4.C; 5.ACD.

8 - тақырып. Құқықтық режим құқықтық реттеудің арнайы механизмі ретінде

- 1. Құқықтық режим ұғымы және белгілері
- 2. Құқықтық режимдердің түрлері және мақсаты
- 3. Құқықтық режим құқықтық реттеудің арнайы механизмі

1. «Режим» сөзінің мазмұны кең және ол әртүрлі мағынада қолданылады. «Құқықтық режим» ұғымы ғылыми әдебиеттерде

кеңінен танылып, құқықтанудың аса маңызды санаттарының бірі ретінде көрініс табады. Құқықтық режим белгілі бір әлеуметтік жағдайды қамтамасыз етуге және нәтижеге апаратын жолды, тәсілді көрсетуге бағытталған.

Құқықтық режим құқықтың функционалдық сипаттамасын көрсетеді. Ол құқықтық құралдардың үйлесімділігінен көрініс табатын, құқық субъектілерінің мүдделерін қанағаттандыру үшін қолайлы не қолайсыз жағдай жасайтын құқықтық реттеудің ерекше тәртібі.

Құқықтық режимнің белгілері:

1) олар заңнамада бекітіледі және мемлекетпен қамтамасыз етіледі;

2) олардың мақсаты уақыттық және кеңістіктік шекте құқықтың белгілі бір субъектілері мен объектілерін ерекше көрсете отырып, қоғамдық қатынастардың нақты салаларын айрықша тәртіппен реттейді;

3) құқықтық құралдар жиынтығынан тұратын құқықтық реттеудің ерекше тәртібі болып табылады;

4) субъектілердің мүдделерін қанағаттандыру үшін қолайлы немесе қолайсыз жағдай жасайды.

Құқықтық режим – биліктің мәні, құрылымы, қызметі, әлеуметтік бағытталуы мен демократиялық дәрежесінің ажырамас қасиеті. Құқықтық режим мемлекет мүдделерімен, заң шығарушының еркімен, құқықтық ықпал етудің ерекше тәсілдері, нысандары және құралдарымен талап ететін қоғамдық қатынастардың ерекшелігі мен сипатына байланысты болады.

2. Құқықтық режим – құқықтың нормативтілігінің жоғары деңгейде көрініс табуының бір қыры. Құқықтық режим әртүрлі құқықтық құралдарды (жеңілдіктер, жазалар, ұсыныстар, ынталандырулар мен көтермелеулер, тыйым салулар мен рұқсаттар, субъективтік құқықтар мен міндеттер және т.б.) бір жүйеге біріктіреді.

Құқықтық режимнің **мақсаты** құқықтық нысанды икемді етеді, әртектес әлеуметтік байланыстардың айырмашылықтарын түсінуді, субъектілер мен объектілердің ерекшеліктерін дәлірек ескруге, қоғамда орын алған өзгерістерді көрсетіп отыруға мүмкіндік береді.

Құқықтық режимдер әртүрлі негіздер бойынша жіктеледі:

- құқықтық реттеу пәніне қарай: конституциялық, азаматтық, қаржы және т.б.;
- құқықтық табиғатына қарай: материалдық және іс жүргізушілік;
- мазмұнына қарай: валюталық, кедендік, құпия, баждық және т.б.;
- субъектілеріне қарай: босқындар, жер аударылғандар, азаматтығы жоқ тұлғалар және т.б.;
- құқық функцияларына қарай: ерекше реттеу және ерекше қорғау режимдері;
- көрініс табу нысандарына қарай: заңды және шартты;
- нормативтік актілердің деңгейіне қарай: жергілікті, аймақтық, муниципалдық, аймақтық;
- пайдалану салаларына қарай: мемлекет ішілік және мемлекет аралық (аумақтық сулар, экономикалық санкциялар режимдері және т.б.).

3. Құқықтық реттеу механизмі белгілі бір қоғамдық қатынастарды құқықтық тұрғыдан реттеуге мүмкіндік беретін құқықтық құралдар жүйесін білдіреді. Құқықтық реттеудің мақсаты қандай да бір қатынастарды қажетті арнаға бағыттау, ретке келтіру.

Құқықтық режим құқықтық қызмет етуінің жалпы үдерісін құқықтық реттеу механизмі арқылы жүзеге асырады. Егер құқықтық реттеу механизмі құқықтық реттеудің қалай жүзеге асырылатын көрсететін құқықтық санат болса, ал құқықтық режим адам өмірінің белгілі бір саласын реттеуге, ұйымдастыруға бағытталған нормативтік құралдардың мазмұндық сипаттамасы болып табылады.

Құқықтық режим құқықтық реттеудің ерекше механизмі, ол субъектілер мен объектілерге, әлеуметтік жағдайларға бағытталған айрықша тәртібі. Құқықтық режим – өзара байланыстар мен қатынастардың, жалпы, жеке және ұжымдық мүдделердің күрделі кешені.

Құқықтық режимнің құрылымы құқықтық реттеу механизмі элементтерін (құқықтық нормалар, заңды фактілер, құқықтық қатынастар, құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру актілері,

құқық қолдану актілері) қоса алғанда, келесідей элементтерді де қамтиды: субъектілер, олардың құқықтық мәртебесі, объектілер, әдістер, субъектілердің объектілермен байланысы, кепілдіктер жүйесі және режимді бұзғаны үшін заңды жауапкершілік.

Құқықтық режимдер белгілі бір әлеуметтік процестерді өзгертуге жағдай жасауды мақсат етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Құқықтық режим түсінігі
2. Құқықтық режимдердің белгілері
3. Құқықтық режимдердің негізгі мақсаты
4. Құқықтық режимдердің түрлерін атаңыз
5. «Құқықтық режим» және «құқықтық реттеу механизмі» ұғымдарының арақатынасын ашыңыз

Тест тапсырмалары:

1. Құқықтық режимдер мазмұнына қарай жіктеледі:
 - A) қоғамдық
 - B) мемлекеттік
 - C) субъективтік
 - D) баждық
 - E) объективтік
2. Құқықтық режимнің элементтері:
 - A) құқықтық нормалар
 - B) объектілер
 - C) кепілдіктер
 - D) заңды фактілер
 - E) заңды жауапкершілік
 - F) құқықтық қатынастар
3. Құқықтық режимнің функционалдық сипаттамасы:
 - A) әлеуметтік формалар мен құрылымдардың қозғалғыштығы мен өзгергіштігі
 - B) қызметтің сан алуан түрлерінің жиынтығынан тұратын адамның нақты өмірі және өмір жабдықтарының қоғамдық өндірісі

С) құқықтық құралдардың үйлесімділігінен көрініс табатын, құқық субъектілерінің мүдделерін қанағаттандыру үшін қолайлы не қолайсыз жағдай жасайтын құқықтық реттеудің ерекше тәртібі

Д) ортақ қажеттіктерімен, мүдделерімен және мақсаттарымен біріккен адамдардың зерделі ұйымдастырылған мәдени өмірі мен қызметінің формасы

Е) ішкі күштер мен үдерістердің тіршілік етуі мен дамуына әсері

4. Құқықтық режимдер құқықтық табиғатына қарай бөлінеді:

- A) материалдық және іс жүргізушілік
- B) мемлекет ішілік және мемлекет аралық
- C) конституциялық, азаматтық,
- D) ерекше реттеу және ерекше қорғау
- E) заңды және шартты

5. Құқықтық режим құралдары:

- A) құқықтық нормалар
- B) жеңілдіктер
- C) тыйым салулар
- D) құқықтық қатынастар
- E) объектілер
- F) заңды фактілер
- G) көтермелеулер

Дұрыс жауаптар кілті: 1.D; 2.BCE; 3.C; 4.A; 5.CDG.

9-тақырып. Құқықтық сана және заңдылық құқықтық реттеу механизмінің қосымша элементтері

1. Құқықтық сана түсінігі мен оның құрылымдық сипаты
2. Құқықтық сана түрлері және деңгейі
3. Құқықтық мәдениет ұғымы, түрлері және құрылымы

4. Зандылықты, қоғамдық тәртіпті және тәртіпті көтеру Қазақстан Республикасында демократиялық, тәуелсіз, құқықтық мемлекет құрудың маңызды шарты

1. Құқықтық сана – адамдардың әрекеттегі құқыққа, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа қатынасын көрсететін көзқарастарының, сезімдерінің және көңіл-күйлерінің, бағаларының жиынтығы. Құқықтық сана идеалды, тікелей көрінбейтін құбылыс. Ол қоғамдық сананың үлгісі болып табылады. Құқықтық сана адамдардың жаңа қабылданған заңдарға, нормативті акт жобаларына деген жағымды немесе жағымсыз қатынасын білдіреді.

Басқа саналардың түрлеріне қарағанда құқықтық сананың өзіне ғана тән **ерекшеліктері** бар:

1. Құқықтық сана мемлекетте қалыптасқан құқықтық жүйе әділсот қызметтерінің айнасы болып табылады. Құқықтық реттеу барысында адамдар құқықтың әділеттілігін немесе оны қолдану барысындағы заңсыздық пен бассыздықтан туындайтын әрекеттер мен көріністерді ой-өріс, сана арқылы ой-елегінен өткізіп баға береді. Соның нәтижесінде индивидтердің мемлекеттегі әділеттілікке деген көзқарастары қалыптасады.

2. Құқықтық сана қоғам тапқа бөлініп, мемлекет пен құқық пайда болғанда қалыптасады және әр түрлі мағынадағы қасиеттерге ие болады. Мысалы, құл иеленуші мемлекетінде құл иеленушілердің құқықтық саналары негізінде құлдарды қанау, басып жаншу, баю сияқты ұғымдармен уланған болса, керісінше, құлдардың құқықтық санасының негізгі өзегі — азаттық, теңдік, бостандық.

3. Құқықтық сана саяси мазмұнға, сипатқа ие болады. Мемлекеттегі саяси процестер мен бағыттар әрқашанда құқықтық санаға өзінің әсерін тигізеді. Заңның өзі қоғамда жүргізіліп отырған саясатқа тәуелді. Мысалы, сталинизм кезінде саясат тоталитарлық жүйені және жеке адамның басына табынушылықты мемлекеттік дәрежеде нығайту болса, қоғамдық құқықтық сана сол саясаттың тікелей әсерінен халықтың құқықтық санасына «халық жауы» ұғымын жаппай қабылдатты,

занды екенін сіңірді. Фашизм де сондай сана қалыптасты.

4. Құқықтық сана қоғамның қондырмасынан орын тебеді, оның құрамындағы саяси, көркем, эстетикалық, теориялық, кәдімгі, діни, этикалық, саналардың түрлерімен тығыз байланыста қалыптасады және дамиды. Бірақ, бір сананың түрі құқықтық санаға мол әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда индивидтің құқықтық санасы не прогрессивтік, не регрессивтік, не конформистік, не нигилистік және инфантильдік қасиеттер мен мінез-құлықты қабылдауы мүмкін.

Құқықтық сана қоғамда әртүрлі **қызмет** атқарады. Олардың қатарына: танымдық, бағалық және реттеушілік функциялар жатады. Құқықтық сананың мәліметтік, болжамдық қызметтері негізгі функцияларын толықтыра түседі. Құқықтық сананың **танымдық** қызметі интеллектуалды әрекет нәтижесі болып табылатына заңдық білімдер жиынтығын көрсетеді. **Бағалық** қызмет тұлғаның құқықты іс құбылыстарға жеке тәжірибе мен заңдық практикаға сүйенген көңіл-күйлік қатынасына білдіреді. Құқықтық сананың **реттеушілік** қызметі құқықтық тағайындалғандар мен құнды құқықтық бағыттардың көмегімен жүзеге асырылады. Оның нәтижесінде құқықтық немесе құқыққа қарсы әрекет түріндегі реакция қалыптасады.

Құқықтық сана құрылымы екі **элементтен** тұрады. Оған құқықтық идеология және құқықтық психология жатады. **Құқықтық психология** - қоршаған құқықтың болмыстық әсерінен қалыптасып, пайда болатын, құқықтық санасын алғашқы, бастапқы тәжірибелік сатысы. **Құқықтық идеология** - ғылыми-теоретикалық деңгейдегі құқықтық сана, құқыққа қатынас көрсетілген идея, теория, концепциялар.

Құқықтық идеологияның өзіне тән мынандай **ерекшеліктері** бар:

1. Құқықтық идеология негізінде мемлекеттің жүргізген саясатының негізінде қалыптасып билікке ие болған ұлттың, таптардың, топтардың мүдделеріне тікелей байланысты болып қалыптасады. Мысалы, Кеңес мемлекетінің жеке меншікті тәркілеу саясаты, бір ғана идеологияны қалыптастыру, коммунистік партияның диктатурасын орнату, еркін пікір, плюрализмге жол бермеу, жаппай репрессия қолдану сияқты

саясаты қоғамдағы құқықтық идеологиядан да өзінің шешімін тапты. Соның нәтижесінде Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары оның жүргізген саясатының әсерінен пролетарлық құқықтық сана құқықтан қайнар көзіне айналды.

2. Құқықтық идеология тікелей немесе жанама болса да қоғамдық және жеке адамның санасынан орын тебеді.

3. Құқықтық идеология мемлекетке жүргізілген саясатқа байланысты халықтың санасына гуманистік-демократиялық, реакциялық немесе діни ұстаным, бағыттарды міндеттеуі мүмкін. Сондықтан саяси процестер мен қақтығыс, шиеленістер әрқашан құқықтық идеологияға тікелей әсерін тигізіп отырады

Құқықтық психология мынандай сипаттармен **ерекшеленеді:**

1. Құқықтық психология жеке адамдардың, топтардың, страттардың күнделікті өмірлері мен қызметтерімен сырттан қабылдаған аппарат негізінде қалыптасады және қоғамдағы өзгерістерге байланысты өздерінің пікірлерін мінез-құлық арқылы білдіріп отырады. Мысалы, нарықтық қатынастарда бағаның күрт өсуі құқықтық психологиядан лезде көрініс табады, наразылық білдіріледі.

2. Құқықтық психология негізінде заңдылықтың даму қағидасы бойынша құқықтық идеологияға жанасу бағытын көздейді. Себебі құқықтық идеология кең, қоғамның барлық саласына әсер етеді.

3. Құқықтық психология әр адамның санасының ажырамас бөлігі, тыныс-тіршілігінің көрінісі болса, құқықтық идеологияны қоғам, жалпы мемлекет қабылдаған.

2. Құқықтық сана мазмұнына байланысты: кәдімгі, кәсіби және ғылыми құқықтық сана болып бөлінеді. **Кәдімгі** құқықтық сана - құқықтық және заңдылық, сот әділдігі туралы стихиялы түрде қалыптасқан жалпылама пікір, ұғым, сезім, дәстүр. **Кәсіби** құқықтық сана - құқық және заңдылық туралы маман-заң қызметкерлерінде қалыптасатын ұғымдар, пікірлер, сезімдер және ойлар. **Ғылыми** құқықтық сана - құқықтың теоретикалық негіздерін көрсететін идеялар, түсініктер, конструкциялар.

Құқықтық сананы иеленушіге байланысты құқықтық сананың жеке, топтық (ұжымдық) және қоғамдық құқықтық сана

түрлері туралы айтуға болады. **Жеке құқықтық сана** адам күнделікті қатысатын алуан-түрлі әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың ықпалымен, сондай-ақ өзінің психикалық-физиологиялық ерекшеліктерінің әсерімен қалыптасады. **Топтық құқықтық сана** тиісті әлеуметтік топтар мен оларға кіретін жеке адамдардың ерекшеліктерімен анықталады. **Қоғамдық құқықтық сана** құқыққа және құқықтық өмір шындығының жалпы қоғамда қалыптасқан құбылыстарына көзқарасты бейнелейді.

Құқықтық сана субъектілері бойынша бірнеше түрлерге бөлінеді:

1. Дербес құқықтық сана - жеке адамның ішкі сезімінен туындайтын құқыққа және оның қағидаларына деген көзқарастары мен қатынастары.

2. Топтық (корпоративтік) құқықтық сана - қоғамдық қатынастарға түскен субъектілердің қызметтері мен мүдделеріне байланысты қалыптасқан сана. Бұл сана негізінде адамдардың мамандықтарына байланысты қалыптасады. Мысалы, мұғалімдер, фермерлер, бір партияның мүшелері, қозғалыстар және т.б. ұжым біріктірген адамдардың топтары.

3. Қоғамдық құқықтық сана — белгілі бір мемлекетте немесе жалпы қоғамда бастапқылық дәрежеде бүкіл социум мүшелері мойындаған сананың түрі қоғамдық құқықтық сана өз дәрежесінде билікті тұрақтылықта қамтамасыз етуі мүмкін. Сонымен қатар адамдардың сана наразылығы бақылаудан шығып, қақтығыстар мен шиеленістерді қалыптастыруы әбден мүмкін. Қоғамдық құқық сананың тұрақтылықта болуы көп жағдайда мемлекеттегі материалдық жағдайларға тікелей байланысты.

4. Жасөспірімдердің құқықтық санасы - жас ерекшеліктеріне, кәмелетке толмағандығына байланысты, өзіндік ерекшеліктері бар сана. Бұл сана жасөспірімнің организмі қалыптасып, жетілу кезеңіндегі ерекшеліктерден туындайды. Құқықтық тәрбие барысында осы өлшемдер міндетті түрде ескеріледі.

5. Студенттердің құқықтық санасы - жоғарғы білім алу барысында қалыптасатын сана. Бұл сананың өзіне тән мынандай

ерекшеліктері бар:

а) болашақта құқықтық белсенділікті қалыптастырудың іргетасы қаланады, азаматтық ұстаным және патриотизм рухы қалыптасады;

ә) саяси процестерге тартылып, сана болмысы шындалады. Бұл көрініс негізінде ірі қалаларда (Алматы, Астана) білім алу барысында іс жүзіне асырылады;

б) құқықтық сана білім алу сапасының төмен деңгейіне, сауатсыздығына байланысты маргиналдық (шетте қалу) деңгейінде қалып қоюы мүмкін. Бұл сана формасын ұялаған субъектілер Американың социологі Р.Парлатовтың айтуынша мазасыз, агрессивші, өзін ғана құрметтеуші, сезімтал, жасқаншақ, эгоцентристік қасиет мінездерімен сипатталады.

6. Отбасылық құқықтық сана — негізінде отбасы. ошақ қасында некелік қатынастардан туындайтын және бір жанұяның дәстүрлік салт-санасымен қалыптасады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны көресің», «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер», «Әкеге қарап ұлы өседі шешеге қарап қыз өседі», «Бала тәрбиесі бесіктен», «Мейірімділікті анадан үйрен, әділдікті данадан үйрен» және т.б.

7. Әйелдердің құқықтық санасы - әйел заты ағзаның биологиялық процестерінің ерекшеліктеріне байланысты қалыптасатын сана нормасы. Оның өзіне тән ерекшеліктері бар, психологиялық, әдебиеттерде көп жазылған.

Құқықтық сана-сезімнің негізгі **функциялары**: бірінші - халықтың құқықтық білімін арттыру; екінші - сана-сезімді дұрыс дамыту үшін тәжірибелік жұмысты жақсарту; үшінші - қоғамдағы қатынастарды реттеуді, басқаруды жақсарту үшін адамдардың сана-сезімін көтеру.

Құқықтық сана сезімнің басты мақсаты – адам, азамат, қоғам мүддесіне сәйкес келетін, олардың мүдделерін қанағаттандыратын құқықтық нормаларды ортақ игілік үшін қабылдау қажеттілігінің негізгі бастамашысы болып табылатындығында.

3. Құқықтық мәдениет қоғамның құқықтық санасының, айнасы деуге болады. Өйткені бұл мәдениет адам қоғамының

өткен формацияларының құқықтық мәдениетінің жетістіктерін жинақтап, біріктіріп отырады.

Қоғамның **құқықтық мәдениеттілігі** - қоғамның құқықтық санасы мен құқықтық белсенділігінің деңгейі, заңдық нормалар мен заңдық әрекеттің прогрессивтік деңгейі.

Құқықтық мәдениет дегеніміз қалыптасқан қоғамдық қатынастардағы жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың, халықтың құқықты тану, меңгеру барысындағы немесе оны жалпы сайлаушылықтан туындайтын құқықтық сана деңгейі шешімінің жиынтығы. Құқықтық, мәдениет негізінде мынандай факторларға байланысты қалыптасады:

1. Құқықты білу, санаға сіңіріп, құқыққа сәйкес мінез-құлықты қалыптастыру;

2. Құқықтылық (моральдық) және діни тәрбиенің жоғарғы деңгей нәтижесінде болуы. Бұл жерде жалпы адамзат қабылдаған, тәрбиелік мәні зор құндылықтарды бұлжытпай орындау. (Мысалы, өлтірме, ұрлама, жаманшылық жасама, үлкенді сыйла).

3. Дәстүрлі ұлттық этика бойынша тәрбиелену.

Құқықтық мәдениет екі бөлімнен тұрады: жеке тұлғалардың мәдениеті және қоғамдық мәдениет. Жеке тұлғалардың мәдениеті қоғамдық мәдениетті дамытуға шешуші үлес қосады. Құқықтық мәдениет жалпы-халықтық байлық, ол адам қоғамының тарихи цивилизациялық жетістігі.

Құқықтық мәдениет жеке тұлғалардың білімінің деңгейіне қарай үшке бөлінеді: күнделікті, кәсіби, теоретикалық. Күнделікті мәдениет жалпы қоғамдық мәдениеттің көлеміндегі дәреже. Бұл дәреже еңбектенсе өсуі мүмкін. Кәсіби мәдениеттің бір немесе бірнеше саласын игеру. Теоретикалық мәдениеттің теориясын жақсы білу.

Құқықтық мәдениеттің **функциялары**: танымдық, реттеушілік, болжамдық, нормативтік. Танымдық-құқықтық мәдениет теориясын дамыту; реттеушілік-мәдениетті реттеп, басқару; нормативтік - мәдениет бағытындағы нормативтік актілердің сапасын жақсарту, сол арқылы құқықтың рөлін көтеру, күшейту; болжамдық (прогностикалық)- құқықтық мәдениеттің болашағын дұрыс болжау.

Құқықтық мәдениеттің субъектісіне қарай үш жүйеге бөлінеді: қоғамдық, топтық және жеке тұлға. Бұл жүйелерге азаматтардың белсенділігі өте қажет, онсыз нормативтік актілердің іске асуы, орындалуы нашарлайды. Белсенділіктің екі түрі болады: біріншісі - құқық шығармашылықтағы, құқықты дамытудағы, орындаудағы белсенділік; екіншісі - заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы белсенділік.

Мәдениет жүйесін құқықтық реттеудің, басқарудың негізгі бағыттары:

- қоғамның құқықтық сана-сезімін дамыту;
- құқықтық шығармашылықты жақсарту;
- нормативтік актілердің дұрыс орындалуын қамтамасыз ету;
- мемлекеттің құқықтық жұмысының нәтижесінде халықтың рухани және материалдық мүдделерінің орындалуын жақсарту.

Осы көрсетілген төрт бағыттағы құқықтық жұмысты қоғамдық көлемде болсын жеке адамдар тұрғысынан болсын ғылыми шығармашылық процесс деп білу керек. Сонда ғана мәдениет дұрыс, прогрестік жолмен дамып, адам қоғамының рухани және материалдық жетістіктерін біріктіріп, мемлекеттің жақсы дамуына мүмкіншілік жасайды.

Құқықтық мәдениеттің жақсы дамуының негізгі шарттары: халықтың рухани сана-сезімін дамыту; мемлекеттік биліктің үш бағыттағы жұмысын жақсарту; заңдылықты, құқықтық тәртіпті орнату; мәдениеттің жетістіктерін қорғау; құқықтық мемлекет қалыптастыру. Бұл шарттарды орындау үшін, біріншіден - қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік даму процесін күшейту; екіншіден — мәдениеттік аппараттағы қызметкерлердің сапасын жақсартып, білімін, тәжірибесін көтеру; үшіншіден — демократияны дамыту керек.

Құқықтық мәдениеттің құқықтық мемлекет қалыптастырудағы маңызы зор. Қазіргі заңгер әрекетіндегі құқықтық мәдениет деңгейі әлі де болса көтеруді талап етеді. Лауазымды тұлғалар мен азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын көтеру – Қазақстан Республикасында демократиялы, тәуелсіз және құқықтық мемлекет қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады.

4. Зандылықты, қоғамдық тәртіпті және тәртіпті көтеру Қазақстан Республикасында демократиялық, тәуелсіз, құқықтық мемлекет құрудың маңызды шарты

Зандылық - барлық субъектілердің заңдар мен заңға бағынышты актілерді сақтауы. Зандылықтың екі шарт бар: 1) құқықтық, әділ, ғылыми негізделген заңдардың болу қажеттілігі /мазмұндық жағы/; 2) олардың орындалуы /формальды жағы/.

Зандылық - бірнеше жағдайдан құралады: 1) Құқық шығармашылық және құқық қорғаумен айналысатын мемлекеттік органдардың болуы; 2) қоғамдық қатынастарды ретке келтіруге бағытталған құқықтық нұсқаулардың қолданыстағы жүйесінің болуы; 3) құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың жеткілікті дәрежесінің болуы.

Зандылықтың мәні - қолданыстағы заңнаманы қатаң және бұлжытпай сақтауын талап ету.

Зандылық, қоғамдық тәртіп және тәртіп:

- қоғамдағы тәртіп негізі, ядросы;
- демократияның шарты және қажетті элементі;
- негізгі жалпы адамзаттық құндылықтар, құқықтық және жалпы мәдениеттің маңызды бөлігі.

Зандылық пен құқықтық тәртіпті нығайту құқықтық мемлекет қалыптастыру шарты мен құралы. Құқықтық мемлекетте:

1) заңдылықтың пәндік жағы кеңейе түседі. Адам әрекетінің әр түрлі заңға сәйкестігі арта түседі.

2) заңның субъективті жағы өзгереді. Субъект шынайы түрде заңдылықты талап ете алады.

3) заңдылықтың нормативті жағы жетіле түседі: а/ заң мазмұны шынайы жағдайға, қоғам дамуының прогрессивті бағытына сәйкес келеді, ә/ құқық шығармашылық процессі жақсара түседі, ол демократиялық, қоғам мүшелерінің кең қатысуы, ғылыми базаның жақсару нәтижесінде жүзеге асады, б/ заңнама құрылымы түбегейлі өзгеруі керек. Заң құқықтың негізгі нысанына айналуға тиісті.

Бақылау сұрақтары:

1. Құқықтық сананың заманауи түсінігі

2. Құқықтық сананың құрылымдық элементтері
3. Құқықтық сананы әртүрлі негіздер бойынша жіктеу
4. Құқықтық мәдениет түсінігі, қоғамдағы ролі
5. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің негізгі мақсаты
6. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің функцияларының мәні
7. Заңдылықтың құқықтық реттеу механизміндегі ролі

Тест тапсырмалары:

1. Құқықтық мәдениеттің функциялары:
 - A) қоғамдық
 - B) мемлекеттік
 - C) танымдық
 - D) бағалау
 - E) қадағалау
2. Кәсіби құқықтық сана:
 - A) құқықтық және заңдылық, сот әділдігі туралы стихиялы түрде қалыптасқан жалпылама пікір, ұғым, сезім
 - B) құқық және заңдылық туралы маман-заң қызметкерлерінде қалыптасатын ұғымдар, пікірлер, сезімдер және ойлар
 - C) құқықтың теоретикалық негіздерін көрсететін идеялар, түсініктер, конструкциялар
 - D) құқыққа және құқықтық өмір шындығының жалпы қоғамда қалыптасқан құбылыстарға көзқарастар
 - E) адамдардың зерделі ұйымдастырылған мәдени өмірі мен қызметінің формасы
3. Құқықтық сананың бағалаушылық қызметі:
 - A) интеллектуалды әрекет нәтижесі болып табылатына заңдық білімдер жиынтығы
 - B) құқықтық тағайындалғандар мен құнды құқықтық бағыттардың көмегімен жүзеге асырылатын қызмет
 - C) жеке адамның ішкі сезімінен туындайтын құқыққа және оның қағидаларына деген көзқарастары мен қатынастары

Д) тұлғаның құқықты іс құбылыстарға жеке тәжірибе мен заңдық практикаға сүйенген көңіл-күйлік қатынасы

Е) қоғамның құқықтық санасы мен құқықтық белсенділігінің деңгейі

4. Құқықтық психология:

А) қоршаған құқықтың болмыстық әсерінен қалыптасып, пайда болатын, құқықтық санасын алғашқы, бастапқы тәжірибелік сатысы

В) қоғамдық қатынастардағы жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың, халықтың құқықты тану, меңгеру барысындағы немесе оны жалпы сайлаушылықтан туындайтын құқықтық сана деңгейі шешімінің жиынтығы

С) ғылыми-теоретикалық деңгейдегі құқықтық сана

Д) құқыққа қатынас көрсетілген идея, теория, концепциялар

Е) қоғамдық қатынастарға түскен субъектілердің қызметтері мен мүдделеріне байланысты қалыптасқан сана

5. Құқықтық сана құрылымы:

А) құқықтық нормалар

В) құқықтық идеология

С) құқықтық режим

Д) құқықтық қатынастар

Е) құқықтық инфантилизм

Ғ) құқықтық нигилизм

Г) құқықтық психология

Дұрыс жауаптар кілті: 1.С; 2.В; 3.Д; 4.А; 5.ВГ.

10 - тақырып. Құқықтық реттеу механизмінің тиімділігі

1. Құқықтық реттеудің тиімділігі ұғымы, түрлері және шарттары

2. Құқықтық реттеудің тиімділігін арттырудың бағыттары

3. Құқықтық реттеудің маңыздылығы

1. **Құқықтық реттеудің тиімділігі** – құқықтық реттеудің нәтижесі мен оның алдында тұрған мақсаттың арақатынасы. Құқықтық реттеудің тиімділігі, белгілі бір нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген тиісті нормативтік құқықтық актілерді жариялау, өзгерту немесе күшін жою арқылы белгіленген мақсаттарға ең төменгі шығындармен жетістікке практикалық жету дәрежесі.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу белгілі бір әлеуметтік нәтижелерді алуда көрінеді: әлеуметтік қажеттіліктер мен оларды білдіретін мүдделерді қанағаттандыру дәрежесі, белгілі бір әлеуметтік жағдайдың қалыптасуы мен қолжетімділігі, қоғамдық тәртіп пен үйлесім, өркендеу, оң жетістіктер және т.б.

Құқықтық реттеудің жалпы мақсаттарына сәйкес, құқықтық реттеудің тиімділігін анықтау үшін негіз болып табылатын екі мақсат бар заңды және әлеуметтік мақсаттар.

Құқықтық реттеудің тиімділігі екі түрі болуы мүмкін:

- 1) жалпыға бірдей ортақ мақсаттар - әлеуметтік;
- 2) құқықтық реттеудің тиімділігін түсіну мен зерттеу – құқықтық (заңдық).

Құқықтық реттеу тиімділігінің негізгі шарттары (аспектілері) құқықтық реттеудің объективті әлеуметтік-экономикалық, саяси және моральдық-рухани мұқтаждықтары мен даму заңдылықтарымен қазіргі және стратегиялық сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, оның ғылыми негізі деп аталуы мүмкін.

Құқықтық реттеудің тиімділігінің тағы бір маңызды шарты (аспектісі) - заңнама, құқық қорғау және адам құқықтары саласындағы қағидалар мен міндеттерге, мақсаттарға, нақты ұйымдастырушылық тетіктерді және басқа да жағдайларды дамытуға, шоғырландыруға және қол жетімділігіне байланысты ұйымдастырушылық қолдау болып табылады.

Құқықтық реттеудің нақты (және сонымен қатар жүйелік) міндеттерін дұрыс анықтау, іріктеу және бекіту туралы мәселе құқықтық реттеудің маңызды мәселелерінің бірі және оның тиімділігінің екінші шарты болып табылады. Бұл мәселе

преамбуладан және заңнамалық актілердің бастапқы баптарынан (заң және құқықтың материалдық және іс жүргізу салаларында) осы актілердің нормативтік мақсаттары мен міндеттерін айқындау және бекіту жолымен заңды түрде шешіледі. Бірақ осы мақсаттар мен міндеттердің нормативтік, теориялық және әсіресе іс жүзінде өзекті болып табылады. Бұл мәселені шешу әрқашан дерлік және тұрақты болып табылады.

Құқықтық реттеудің тиімділігі үшін үшінші маңызды шарты - оның теориясы тұрғысынан оның тиімділігі. Заң шығару, құқық қорғау және адам құқықтарын қорғау саласындағы, әсіресе салалық заң ғылымдары саласында, оның ішінде процессуалдық құқық саласында құқықтық реттеудің теориялық және қолданбалы мәселесі болып табылады. Құқықтық реттеу мәселелерімен айналысатын шешімдерді уақытша тоқтату оның тиімділігіне кері әсерін тигізеді, құқықтық реттеуді оның қарама-қайшылығына және онымен реттелетін әлеуметтік қатынастарға – кері кетуге және дағдарысқа көшіруге әкеледі.

Құқықтық реттеудің тиімділігінің төртінші шарты - заң шығару (соның ішінде заңнамалық) технологиясын, оның ішінде заң тілінің талаптарын (ережелерін) сақтау болып табылады. Заң шығару және құқық қорғау актілерінің мазмұнын анық, айқын және дәйекті түрде реттейтін әлеуметтік қарым-қатынастарға әсерінің тиімділігін айқындайды - олардың іс-әрекеттерін және құқық субъектілерінің мінез-құлқына (адамдар мен олардың қауымдастығы).

Құқықтық реттеудің тиімділігінің бесінші аспектісі құқық теориясында оны болжау туралы мәселе қарастырылады.

2. Құқықтық реттеудің тиімділігін арттырудың бағыттары:

1. Құқықшығармашылықты жетілдіру. Бұл үдеріс барысында құқықтық нормалардан қоғамдық мүдделер мейлінше толық көрініс табады. Тиісті құқықтық және ақпараттық құралдардың көмегімен заңды сақтау және оны әртүрлі бұзудан пайдалы болатындай жағдай жасау қажет. Құқықтық реттеу механизмінде әрекет ететін құқықтық құралдарды күшейту, оларға қол жеткізудің мүмкіндіктерінің деңгейін арттыру және осы үдеріске кедергі жасау деңгейін төмендету аса маңызды.

2. **Құқық қолдануды жетілдіру.** Бұл үдерісте нормативтік реттеудің, жалпы құқықтық реттеу механизмінің тиімділігін тиісінше арттырады. Бұл бағытта нормативтік реттеу мен құқық қолдануды біріктіру қажет, себебі бұл қызмет түрлері өздерінің әлсіз тұстарын көрсетеді. Атап айтсақ, құқық қолданусыз нормативтік реттеу формализмге айналады, ал нормативтік реттеусіз құқық қолдану озбырлыққа әкеп соғады. Сондықтан да, құқықтық реттеу механизмі құқық шығармашылық пен құқық қолдануды үйлестіруде, икемді және әмбебап болуына жағдай жасайды.

3. **Құқық субъектілерінің құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру.** Бұл бағытта құқықтық реттеудің сапасына, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту процесіне ықпал жасайды.

Құқықтық реттеу механизмінің элементтерін жетілдіру, оның тиімділігін арттыру үшін жүргізілетін басты бағыт – ол адам мүдделері болып табылады. Осы мүдделерді қанағаттандырудың заңды технологиясы түрінде құқықтық реттеу механизмі, тұлғаның заңды ұмтылыстарын жүзеге асыруға және олардың құқықтық мәртебесін нығайтуға жағдай жасауы тиіс.

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет ретінде адам және азаматтардың қоғамдық өмірінің барлық саласында да құқықтары мен бостандықтарын танудың механизмін қалыптастыру үрдісін жалғастыруда. Құқықтық жүйе мәселелерін терең және жан-жақты қарастыру, кешенді талдау барысында мынандай ұсыныстар жасалады:

а) дамушы қоғамдық қатынастарды негіздеуге қажетті қазіргі заңдық нысандарды жетілдіре түсу және тиімділігін арттыру қажет, қабылданатын заңдардың сапасын арттыру басты мәселе;

ә) қазақстандық құқықтық жүйені қоғам дамуының туындап отырған қажеттіліктерін, оның объективті заңдылығын, үрдістерін, бағыттарын, адамзат факторының белсендігін дұрыс бейнелей білуге бейімдеу;

б) жағымсыз құбылыстармен, құқықбұзушылықпен күресу барысында, заңдылықты, құқықтық тәртіпті және тәртіпті

камтамасыз ету барысында құқықтық жүйенің барлық резервтерін анықтау және олардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды қалыптастыру;

в) тұтас құқықтық нысандардың қоғамдық қатынастарға, адам әрекетіне кешенді, келісілген әсерін ұйымдастыру және оның барысында барынша мол әлеуметтік нәтижелерге жету. Ол үшін құқық субъектілерінің құқықтық санасы мен мәдениетінің деңгейін көтеруге қажетті алғы шарттар қалыптастыру қажет. Адамдардың әрекеттегі құқыққа, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа қатынасын көрсететін көзқарастарының, сезімдерінің және көңіл-күйлерінің, бағаларының жағымды жиынтығын қалыптастыру керек. Оған сапалы, тұрақты заңдар қабылдау, адам құқықтары мен бостандықтарын барынша жетік құралдармен қорғау, құқықтық насихат жүргізу, құқықтық сананы нығайту және заң мәдениетін дамыту жұмыстарын жүргізу арқылы жетуге болады. Құқықтық санасы жоғары қоғамда құқықтық мәдениет деңгейі де үстем тұрады;

г) әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа негіздері жағдайында құқықтық жүйенің даму жолдарын әрі қарай жетілдіру, бұл тұрғыда әлемдік құқықтық жүйенің тәліміне жүгіну қажеттілігі бар.

3. Құқықтық реттеудің ең маңызды аспектісі оның шектері болып табылады. Философиялық тұрғыда «шек» - қабылданудың шекарасы немесе нақты жағдайдағы нәрсенің қажеттілігі, оның ішінде жеке адам мен тұтастай қоғамға қатысты қажеттіліктер. Бұл мағынада «шектеу» термині кез-келген шараның шеткі (ең көп немесе ең аз) шектері (өлшемдері). Демек, бір нәрсенің шекарасы оның мақсатқа сай екендігінің, қажеттілік пен жеткіліксіздігінің сандық және сапалық көрінісі.

Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі құқықтық реттеу шегіндегі мәселе теориялық және тәжірибелік сипатта. Ең алдымен, құқықтық реттеу шектерін мемлекеттік билік органдарының мемлекеттік органдардың (лауазымды тұлғалар мен лауазымды тұлғалардың өкілдері) және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың қоғамдық қатынастар жүйесіндегі

шекаралары ретінде анықтаудың теориялық жағынан қолайлы екендігін атап өтеміз.

Құқықтық реттеудің шектері құқықтың қалыптасуы мен даму процесіне әсер ететін факторларға байланысты. Мұндай факторлар, ең алдымен, қоғамның қол жеткізген экономикалық дамуының деңгейін, оның тіршілік әрекетінің табиғи-климаттық және экологиялық жағдайларын қамтиды. Осыған байланысты, құқықтың экономикалық жүйеден жоғары және қоғам дамуының мәдени деңгейі жоғары болуы мүмкін емес деп танылған марксисттік ұстаным бұрынғысынша өзекті болып табылады.

Құқықтық реттеу шектерін айқындаудағы маңызды фактор - мемлекеттік ұйымдастырылған қоғамның және оның құрамдас әлеуметтік топтарының (қабаттар, топтар, сыныптар және т.б.) және жеке тұлғалардың дамуының мәдени деңгейін ескеру.

Бұл фактор тұрғысынан (қоғамдағы адамгершілік деңгейі) тұрғысынан — құқықтық реттеу шектерінің мемлекеттік ұйымдастырылған қоғамда қалыптасқан моральдерге тәуелділігін байқауға болады. Қоғамның адамгершілік деңгейінің төмендеуі, оның ішінде, құқықтық реттеу субъектілері, әсіресе билік органдары, өз мақсаттарына қол жеткізу үшін, соның ішінде әділеттілік, адамгершілік, адалдықты және т.б. бар әлеуметтік қатынастарды қамтамасыз ету үшін одан да көп (неғұрлым мұқият, қатаң, кеңірек) құқықтық реттеу қажет. Осы айтылғандарға байланысты құқықтық реттеу мен мемлекеттік ұйымдастырылған қоғамның моральдық деңгейі арасындағы өзара қарым-қатынастардағы тұрақтылықтың бар екендігін мойындау дұрыс, оны танымдық және тәжірибелік есепке алу мемлекет теориясының мәселесі болып табылады. Мұнда заң мен адамгершілік арасындағы теориялық және қолданбалы қарым-қатынас белгілі бір өрнек табады.

Тұтастай алғанда, оның тиімділігі оның субъектілерінің нормативтік-құқықтық шектерін неғұрлым айқын анықтауға және сақтауға байланысты екендігін атап өту керек. Құқықтық реттеу шектерінің сақталуын білдіру оның субъектілерінің ерекше әдістерді қолдану қажеттігін (тыйым салу, рұқсаттар, байланыстыру, ынталандыру, жауапкершілік шараларын қолдану және т.б.) айқындайды. Осы қажеттілікті құқықтық реттеудің

колданылған әдістерінің сәйкестігі оның тиімділігін анықтайды және тіпті кепілдік береді. Заңды реттеу әдістерін неғұрлым тиімді пайдаланса, соғұрлым ол тиімдірек болады. Бұл оның функционалдық тұрақтылығы ретінде қарастырылады.

Құқықтық реттеудің шектерін анықтау кез келген мемлекеттік ұйымдардың, соның ішінде Қазақстанда құқықтық реттеуді жүзеге асыру үшін нақты саяси, әлеуметтік-экономикалық және моральдық-психологиялық жағдайлардың өзгеруіне байланысты.

Құқықтық реттеу механизмінің элементтерін жетілдіру, оның тиімділігін арттырудың басты бағдары адам мүддесі болып табылады. Адам мүддесін қанағаттандырудың өзіндік заңдық технологиясы ретінде әрекет ете отырып, құқықтық реттеу механизмі табиғаты бойынша әлеуметті құнды болуға тиісті. Құқықтық реттеу механизмі жеке тұлғаның заңды құштарлығын, қажеттілігін жүзеге асыра алуына тиісінше жағымды жағдай қалыптастыруға, тұлғаның құқықтық мәртебесін нығайтуға ықпал етуі қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Құқықтық реттеудің тиімділігі
2. Құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру бағыттары
3. Құқықтық реттеудің тиімділігінің шарттары
4. Құқықтық реттеу шектерін айқындаудағы маңызды факторлардың мәні

Тест тапсырмалары

1. Құқықтық реттеудің тиімділігі:
 - A) әлеуметтік тәжірибенің жинақталуы мен берілуі
 - B) адамдардың әлеуметтік әрекеттерін ұйымдастыратын, бағыттайтын және оларды басқаратын қоғамдық құрылым
 - C) әлеуметтік өмірдегі жағдаяттарды шешудің шеткері, шектік нұсқалары
 - D) құндылықтар мен мінез –құлық ережелерінің жиынтығы
 - E) құқықтық реттеудің нәтижесі мен оның алдында тұрған мақсаттың арақатынасы

2. Құқықтық реттеудің тиімділігінің шарты:

- A) заң шығару технологиясын, заң тілінің талаптарын сақтау
B) әлеуметтік қатынастарды қамтамасыз ету
C) мемлекеттің экономикалық даму деңгейін арттыру
D) әлеуметтік қажеттіліктерді қамтамасыз ету
E) адамның нақты өмірі және өмір жабдықтарын қамтамасыз ету

3. Құқықтық реттеу шектерін шешу әдістері:

- A) индукция
B) дедукция
C) тыйым салу
D) талдау
E) жүйелеу

4. Тиімділікті арттыру үшін жүргізілетін басты бағыт:

- A) қоршаған орта
B) қоғамдық қатынастар
C) құқықтық сана
D) адам мүдделері
E) мемлекеттік орган

5. Құқықтық реттеудің тиімділігін арттырудың бағыттары:

- A) құқықшығармашылықты жетілдіру
B) саяси мәселелер мен сұрақтарды шешу
C) адамдардың қоғамдық және жеке өмірінің барлық салаларын қадағалау
D) құқық қолдануды жетілдіру
E) саяси құндылықтарды, наным-сенімдерді өзіне дарыту
F) құқық субъектілерінің құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру

Дұрыс жауаптар кілті: 1.E; 2.B; 3.C; 4. D; 5.ADF.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық. - Алматы, 2009.
2. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері: оқу құралы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2011.
3. Байжанова Г.Т. Мемлекет және құқық теориясы. - Қарағанды:Болашақ-Баспа, 2006.
4. Бейсенова А.У. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық. – Алматы: Ата мұра, 2007.
5. Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2009.
6. Венгеров А.Б. Теория государства и права. - 8-е изд., стер. - Москва: Омега - Л, 2011.
7. Дархамбаева А. Д. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы: негізгі терминдер мен ұғымдарды қысқаша түсіндіру / А. Д. Дархамбаева. - Алматы: Айдана, 2009.
8. Жоламан Қ.Д, Мұқтарова А.К., Тәуекелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Фолиант, 2001.
9. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Нур - пресс, 2007.
10. Ибраева А.С., Ибраев Н.С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. - Астана: Фолиант, 2007.
11. Какимова М. Ш. Мемлекет және құқық теориясы негіздері: бастауыш және орта кәсіби білім беруге арналған оқулық - Астана: Фолиант, 2007.
12. Марченко М.Н. Теория государства и права. 2-е изд. доп. – Москва, 2011.
13. Общая теория государства и права. Академический курс в трех томах. / Т.1. Государство. Т.2. Право. Т.3 Государство, право, общество. – Москва, 2011.
14. Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық. – Алматы, Жеті жарғы, 2009
15. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. - Астана: Фолиант, 2007.

16. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық. 2-басылым. – Алматы: Заң әдебиеті, 2011.

17. Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері. -Алматы: Жеті Жарғы, 2009.

18. Шапахқызы У., Салкебаев Т. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана, 2009.

Нормативті құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2017.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ қабылданған (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // adilet.zan.kz

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ қабылданған(өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // adilet.zan.kz

4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ қабылданған (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // adilet.zan.kz

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ қабылданған (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // adilet.zan.kz

6. Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы № 2529 Конституциялық заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // www.zakon.kz

7. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №132-ІІ Конституциялық Заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен) // www.zakon.kz

8. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы №2688 Конституциялық заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // www.zakon.kz

9. Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 30 маусымдағы № 81-VI ҚРЗ // adilet.zan.kz

10. Қазақстан Республикасының заңы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 23 қаңтар 2001 жыл №148 заңы// zakon.kz

11. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6-сәуірдегі №480-Ү ҚРЗаңы (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // zakon.kz

12. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығы // www.akorda.kz

Мазмұны

Алғы сөз.....	3
Кіріспе.....	4
1 - тақырып. Құқықтық реттеу түсінігі, пәні және әдістері.....	7
2 - тақырып. Құқықтық реттеу мақсаты және құралдары	16
3 - тақырып. Құқықтық реттеу механизмі түсінігі, сатылары	23
4 - тақырып. Нормативтік негіз /құқық нормалары/ - құқықтық реттеу механизмінің бастапқы элементі.....	32
5 - тақырып. Заңдық факт, құқықтық қатынас – құқықтық реттеудің негізгі элементтері.....	39
6 - тақырып. Құқық нормаларын қолдану актілері және олардың құқықтық реттеу механизміндегі маңызы.....	49
7 - тақырып. Құқықтық реттеу механизміндегі құқықтық ынталандыру мен шектеулер	57
8 - тақырып. Құқықтық режим құқықтық реттеудің арнайы механизмі ретінде	64
9-тақырып. Құқықтық сана және заңдылық құқықтық реттеу механизмінің қосымша элементтері	68
10 - тақырып. Құқықтық реттеу механизмінің тиімділігі	78
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.....	86

Байжанова Гулзира Төлепбергенкызы
Бирманова Аксункар Исламбеккызы
Шакирова Алтынай Боранкүлкызы

Күкыктык реттеу механизмі

Оқу құралы

Подписано в печать 07.02.2019.
Формат 60x84/16. Усл. печ. л. 13,94. Печать
офсетная. Тираж 500 экз.
Заказ № 166.

ТОО «Лантар Трейд»
Тел.: +7 702 251 02 17
e-mail: lantar2018@mail.ru
г. Алматы, ул. Егизбаева, 7В, оф. 704

Buketov University